

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы

Қыркүйек айы 2022жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 01.09.2022	Жұма 02.09.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, қуыршақтар шағын көлік түрлерімен ойындар. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Сөрелерге ойыншықтарды жинау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері. «Алақанның жылуы» Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
				Менің қоршаған орта бағытында балаларға топтың бөлмелерін аралату. Топтағы заттардың атауын атап, таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру)	Балаларға топтағы өздеріне ұнайтын ойыншықтармен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау. Бұл ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және

				<p>Кітап орталығына келу, суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Суретте кімдерді көріп тұрсындар? - біздің балабақшаның аты қандай білесіңдер ме? -тобымыздың аты ше? Суреттерді көріп бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуді дамыту (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>т.б (Сөйлеуді дамыту) Ойыншықтарды топтастыру, санау және олардың біреуін бөліп көрсету. Түсіне және пішініне қарай бөлу. (Математика негіздері) Құрастыру заттарынан ойыншықтарға кереует немесе таңдауы бойынша орындықтар құрастыру (Құрастыру)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p>				
Серуен				<p>Балаларға балабақша туралы такпақ жаттату Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз (Көркем әдебиет) Балабақша ауласындағы заттардың пішінін, қай жақта орналасқанын атауды, кеңістікті бағдарлауды үйрету. (Математика негіздері) Ыстық және суық желді ажырата білуді үйрету Қ/о «Тырналар»</p>	<p>Балабақша ауласында өсетін ағаштар мен гүлдерді көрсету. Шырша мен ағашты ажырата білуін қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Өсімдіктерді суғаруды көрсетіп, таныстыру Қ/о «Поезд»</p>
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін</p>				

	өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)				Балаларға балабақшаға келетін жолдарды көрсетіп жолдың суретін салуды үйрету(Сурет салу) Ермексаздан топтағы үлкен доптың мүсінін жасауды үйрету. (Мүсіндеу) Фланелеграф - жабысатын тақта бетінде.ұсынылған үлгі ойыншық жанына ұқсас ойыншықтарды тауып жапсыруды үйрету .Салыстыру қабылетін дамыту (Жапсыру)	Топқа есігін қағылып қонаққа қоян келеді. Қолында әсем шарлары бар. Балаларға таратып сыйға бергізіп,бізде қоянға сыйлық берейікдеп балалардың қалаулары бойынша шардың суретін салып, ермексаздан шар жасап, немесе дайын кіші тақтайашаларға шарларды жапсырып сыйға беруді ұйымдастыру. Жеке жұмыс орындау қабылетін дамыту (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен				Құрастыру материалдарынан балабақшадағы заттарды өз таңдаулары бойынша құрастыру. (Құрастыру) Қ/о «Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру	Балалармен бақшамыз туралы тапқыты бірге жаттау.Есте сақтауын дамыту Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз (Көркем әдебиет) Қ/о «Тырнарлар» Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру
Балалардың үйге қайтуы				Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат жүргізу	Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамыр
Ахмедов
Шамшиева А. А.
А.
Ортинбасарова Д.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы

Қыркүйек айы 2022жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 5.09.2022	Сейсенбі 6.09.2022	Сәрсенбі 7.09.2022	Бейсенбі 08.09.2022	Жұма 09.09.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балалардың балабақшаға тез бейімделу жағдайларын талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата», «Суреттерді орналастыру» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекті бақылау (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға көмектесуін жетілдіру) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. «Ойыншық қайдан келеді?» тақырыбында әңгімелесі негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау жасату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ бопаралатып, топтағы келген Жанельзаттарды көрсету. қуыршақты таныстыру. Оларды атап, не үшін Ол өзімен ертіп келген қолданылатынын	Балаларға топты паралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын	Топқа әже қонаққа келеді? Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау,	Топқа кір қожалақ қуыршақ көмек сұрап келеді. Балалардан қуыршаққа қалай көмектесуге болатынын	Балалардан бізге тамақ әкеліп, бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық танытады. Біз

	<p>достарын таныстыру. Достарының есімдерін сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойында ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Жанельдің достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты, ермек сазды қолдану қабылеттерін қалыптастыру (Сурет салу) (Мүсіндеу)</p>	<p>әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту (сөйлеуді дамыту)</p> <p>(Қоршаған ортамен таныстыру) (математика негіздері)</p>	<p>әже қандай адами туралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуді қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып құану сезіміне бөленуіне жағдай жасау (көркем әдебиет)</p> <p>Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабылеттерін дамыту (математика негіздері)</p>	<p>сұрау арқылы олардың бастамасы бойынша іс әрекет жасау. Балалардан қуыршаққа не болғаны туралы сұрап, ойларын дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуді үйрету. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату. Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын, тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол қимылын дамытуға жағдай жасау (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)</p>	<p>апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз деп балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Апайымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру (көркем әдебиет)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту үшін. Балабақша ғимаратында серуен, мамандармен, топтармен таныстыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Ойыншықтар жайлы өлең жаттау Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншак. Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ.</p>	<p>Ойыншықтар жайлы өлең қайталау. Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншак. Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. <i>М. Әлімбаев</i> (көркем әдебиет)</p> <p>Ағаштарды бақылау, ауа райының өзгеруін бақылау негізінде зейінін, байқағыштығын дамыту</p>	<p>Әжеге балабақша ауласын көрсетіп таныстыру, қайда немен айналысатындары туралы айтып беруіне жағдай жасау. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Фланелеграф тақтасында балалардың еркін әрекеттерін ұйымдастыру. (Жапсыру)</p>	<p>Серуенде аулада орналасқан ойын құралдарын атап әңгімелеуді қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Ауа райның ерекшеліктерін байқау. Күз мезгіліне тән құбылыстарды атауды үйрету.</p>	<p>бірге ән айтып, би билеп көнілді жүру жағдайын жасау. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Құрылыс материалдарынан жол және орындық жасауды үйрету. (Құрастыру)</p> <p>Балалардың дербес әрекеті.</p>

	<p><i>М.Әлімбаев</i> (көркем әдебиет) Балалардың дербес әрекетін дамытатын қимылды ойын: «Өзара айырмашылығын тап»</p>	<p>Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық»</p>	<p>Жапырақтар теру, құмыраға сәндеп салу. Әжегеде сыйға беру. Балалардың дербес әрекеті дамыту, еркін ойындары</p>	<p>Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: Поезд</p>	<p>Қимылды ойын: Сақина жасыру</p>
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</p>				
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (көркем әдебиет) Қуыршағымыз демалысын, оған арнап кереует құрастырып берейік. Бейсенбі күні (Құрастыру)</p>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
Бесін ас	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Достарымызбен шеңберге тұрайық, ойыншықтардан шеңбер жасайық. Шеңбер бойлап айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру. (математика негіздері) Құрылыс заттарынан</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, тұзды қамырды пайдаланып мүсін жасау. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерді тізбектеп жапсыру.</p>	<p>Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету (Құрастыру) Мерекелік әсем шарлар деп суретін салу,</p>	<p>Ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту. (көркем әдебиет) Қонағымызды топтағы қуыршақтармен салыстырып көрейікші. Ол зат қандай сұрағына</p>	<p>Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп «артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату (математика негіздері) Қандай суретті бояймыз деп балаларға</p>

	достарына үйшік құрастыру (Құрастыру) Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу, атау, тақтайшаға жапсыру. (Жапсыру)	(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)	мүсінін ермексаздан жасауды жетілдіру (Сурет салу) (Мүсіндеу)	жауап беруін қалыптастыру. (математика негіздері)	қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, ермак саздан жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу. Еркін ойындар Қ/о: Қоян мен қасқыр	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар орындық т.б (құрастыру) Қ/о: Тырналар-тырналар	Мысықтың дауысын салу. Қ/о: Тышқандар мен мысық	Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»	Қандай көкөніс пен жаместерді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт»
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың сүйіктігі ойыншығы туралы әңгімелесу.	Топқа ойыншық алмасу сәресін жасауды ақылдасу	Табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну.	Үйде баламен доппен ойнауды ұсыну.	Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамыр
Ахмед

Шамшиева А
Ахметова А

А

Ормибасарова Д.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы

Қыркүйек айы 2022жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 12.09.2022	Сейсенбі 13.09.2022	Сәрсенбі 14.09.2022	Бейсенбі 15.09.2022	Жұма 16.09.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, одан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсын арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз «Менің отбасым», «Менің анам және әкем», «Мен аға әпкем, іні қарындасым» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Отбасы суретін көрсету.	Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр	Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек	Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау.	Ата мен әжелерінің суретін қарау. Олар

	<p>Суретте не бейнеленген? -Суреттегі отбасы мүшелерін атуын? - Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас -суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді үйрету. (сөйлеуді дамыту) «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. (көркем әдебиет)</p>	<p>бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша әжемнің кәмпиттері тақырыбында домалақ кәмпиттер суретін салғызу, ермек саздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. (құрастыру)</p>	<p>адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) «Анасының көмекшілері» айдарымен аспаздық әрекеттерді тұзды қамырды домалақтап, алақан арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету. (мүсіндеу) Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды менгерту. (құрастыру)</p>	<p>«Анаға сыйлық» жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді үйрету (сөйлеуді дамыту) Өз қолдарымен сыйлық жасату. Балалардың таңдауы бойынша табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін жасауды үйрету Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салуды үйрету. (сурет салу) Ермексаздан торт жасауды менгерту (мүсіндеу). Қағаздан жасалған гүл себетіне ұсақ гүлдерді жапсыруды үйрету. (жапсыру)</p>	<p>туралы не білетіндерін айтқызу. «Бес саусақ» өлеңін айтқызу Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Отбасымызбен тұратын үйшікті бормен салуды үйрету. (сурет салу) Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын деген ұғымдарды түсінуін жетілдіру. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар</p>	<p>Нешеуміз? тақпағын таныстырып мазмұнын айтуға талпындыру Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым –әкем Балалы үйрек-анам. Ортан терек –ағам Шылдыр шүмек –мен, Кішкене бәбек –сен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. <i>І.Шұғаев</i></p>	<p>«Менің көмекші боламын» айдарымен аулада тазалық жұмыстарын орындауға қатыстыру және аула сыпырушысының еңбегімен танысуға жағдай жасау. Айналадағы тазалықты байқап айтуын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар.</p>	<p>Аналарға арналған сыйлықтарды жасау үшін табиғи материалдарды жинау. Нешеуміз? тақпағын жаттауды пысықтау Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым –әкем Балалы үйрек-анам. Ортан терек –ағам Шылдыр шүмек –мен, Кішкене бәбек –сен</p>	<p>Бақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерді бақылау. Оларды бір бірімен салыстыру, санау қабылетін дамытуда дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора құрастыруды үйрету.</p>

		(көркем әбедиет) Гүлдердің қурағанын сарғайғанын көрсету және сипаттауды менгерту (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер		Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. <i>І.Шұғаев</i> (көркем әбедиет) Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жапырақтарды салыстыру, жапырақтардың қай ағаштар түскенін атауын үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) Еркін ойындар	(құрастыру) Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын менгеру (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау	Аналарымызға арналған моншақ жасайық деп	Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. (көркем әдебиет, музыка)	Нешеуміз? өлеңін қайталап айтуын ұйымдастыру	Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. (көркем әдебиет,	Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын

<p>және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату. (Мүсіндеу) Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші. Дидактикалық ойын «артық пішінді тап» (математика негіздері) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер</p>	<p>ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. (Математика негіздері) Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер</p>	<p>Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым –әкем Балалы үйрек-анам. Ортан терек –ағам Шылдыр шүмек –мен, Кішкене бәбек –сен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. <i>І.Шұғаев</i> (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет және жапсыру жұмыстары</p>	<p>музыка) Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру Еркін іс әрекеттер</p>	<p>ұйымдастыру, қарандашты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>					
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Қ/о «Ақ доп, қызыл доп» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер</p>	<p>Қ/О «Поезд» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету.</p>	<p>«Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау (Математика негіздері) Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр»</p>	<p>Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу</p>	<p>Нешеуміз? Тақпағын қайталап пысықтау (көркем әдебиет) Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.</p>

Балалардың үйге қайтуы	Отбасылық сурет беріп жіберуін сұрау.	Отбасында қандай ойындар ойнауға болады кеңес беру.	Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау.	Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну	Іс шарадан алған әсерлерін сұрау.
------------------------	---------------------------------------	---	--	--	-----------------------------------

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш
Ахмед
Шамшиева А
Ахмедова А
А Оринбасарова Д.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы

Қыркүйек айы 2022жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 19.09.2022	Сейсенбі 20.09.2022	Сәрсенбі 21.09.2022	Бейсенбі 22.09.2022	Жұма 23.09.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күзгі ауа райына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап», «Қуыршақ қонаққа дайындалуда», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсын арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Ерте тұрып күнде мен Терезені ашамын -Сәлем!,-деймін күнге мен Шаттық әнге саламын -Қайырлы таң апашым! деймін келіп апама Қайырлы таң аташым! деймін келіп атама Қайырлы таң, достарым! деймін келіп досыма, осындай жақсы көңіл күйде әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

	дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Балаларға бүгін қуыршақ театрын тамашалайтынымызды хабарлап «Бауырсақ ертегісі» желісі бойынша айтылған әнді қайталап айтқызу, ертегі туралы пікірлерін сұрау. (сөйлеуді дамыту) Кітаптар арасынан «Бауырсақ» ертегісінің кітабын табу ондағы суреттерге қарап ертегі айту дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. (көркем әдебиет)	Қонаққа бауырсақ келуін ұйымдастырумен балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды үйрету Бауырсаққа арнап білетін тақпақтары мен әндерін айтып, музыкаға билеуін ұйымдастыру. Қимылды ойын ойнату. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)	Үш торай мультфильмін тамашалау. Балалардың ойын тындау арқылы сөйлеуін дамыту. (сөйлеуді дамыту) Шағын үйшік салуды үйрету (сурет салу) Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу (құрастыру)	Дидактикалық ойын «қай ертегіден» арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. (көркем әдебиет) Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салыстыру, санау (математика негіздері) Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстар. (сурет салу, мүсіндеу жапсыру)	Ойыншықтар жәрмеңкесін ұйымдастырып, әр түрлі ойыншықтарды алып ойынан ертегі құрастыру дағдысын дамыту. Жануарлардың қимылы мен дауыстарын салу қабылеттерін жетілдіру. (көркем әдебиет) біртекті ойыншықтардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. (математика негіздері) Ойыншықтарға арнап әр түрлі заттар құрастыру (құрастыру)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласында өсетін көкөніс пен жемістерді қарау, бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру) Ұжымдық сурет салу. Үлкен табақ бетіне бауырсақты салдырту. (сурет салу) Еркін ойындар	балабақша ауласын сипаттап, ауа райы туралы айтып беру. (қоршаған ортамен танысу) Ермексаздан бауырсақ жасап көрсетру, бормен бауырсақтың суретін салуды ұйымдастыру (мүсіндеу, сурет салу)	Үш торайдың іс әрекеттерін қайталау. Дыбыстарын салу. Кітаптан ертегіні қарау. (көркем әдебиет) Балабақша ауласынан табиғи заттарды тауып, ертегідегідей үй жасауға қолдану. (қоршаған ортамен таныстыру)	Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар (құрастыру) Аула сыпырушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру. Балалардың дербес әрекеттері	Балабақша аумағын мекендейтін тірі табиғат нысандарымен танысу. Оларға қамқорлық таныту әдістерін таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар

		Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» Бауырсақ қоштасып, ертегілер еліне қайтады.	Балалардың дербес әрекеттері		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Орыс халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен кию. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тәулік бөліктерін тануын дамытуларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. (математика негіздері) Балалардың таңдауы	Бүгін кім келгенін естеріне түсіру. Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру (Математика негіздері) Бауырсаққа үй құрастыру құратырмалы ойыншықтардан (Құрастыру)	Торай ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру, салыстыру (үлкені кіші) (Математика негіздері) Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдау. Ертегі желісі бойынша сюжеттік сурет салу (Сурет салу)	Үш торай және бауырсақ ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау. (сөйлеуді дамыту)	Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау.

	бойынша бауырсақты ермексаздан жасау, ертегі кейіпкерлерін ретімен фланелеграфта жапсыру. (мүсіндеу, жапсыру)	Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау (Жапсыру)	сюжеттік мүсіндеу. (Мүсіндеу) Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін жапсыру (Жапсыру)		Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Табиғи материалдардан бауырсақтың жолын құрастыру. (құрастыру) Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Бауырсақ ертегісіндегі әндерді қайталау Қ/о «Сақина жасыру». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. Балалардың дербес әрекеттері	Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Ертегідегі жануарлар қандай табиғатқа жатады. Өлі әлде тірі табиғатты танып анықтауын қалыптастыру. Жануарлардың қайда тіршілік ететінін зерттеу. (қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	Қ/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Бауырсақ ертегісі туралы айтып беруін баласынын сұрауға кеңес беру.	Бауырсақ жасауын сұрану	Үш торай мультфильмін бірге тамашалауға кеңес беру.	Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамыр
Ахметова
Шамшиева А. А.
Орынбасарова Д.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы

Қыркүйек айы 2022жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 26.09.2022	Сейсенбі 27.09.2022	Сәрсенбі 28.09.2022	Бейсенбі 29.09.2022	Жұма 30.09.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерістер байқаны туралы жеке жеке сұрау (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Күн және жаңбыр», «Балабақшада не өседі?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға қызықтыру) Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсын арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз туралы видео көру. Күзде қандай өзгерістер болады? Видеоға қарап айтқызу Терезеден табиғатты бақылау, күнделікті ауа райына байланысты табиғат бұрышында суреттерді ауыстыру. Неге жапырақтар түсін өзгертеді, неге олар түседі тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	<p>Бүгінгі күнімізді серуеннен бастап. Бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келуді жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Балалармен бірге жанырақтарды бояу(сурет салу)</p> <p>Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру. (жапсыру)</p>	<p>Балаларға түрлі жемістер мен көкөністер араластырылып салынған себетті көрсету себеттегі жемістермен көкөністерді бөліп екі ыдысқа салу және оларды сипаттауды дамыту. «Дәмін татып біл» ойынын ойнату (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Балаларға таңдау еркіндігін беру. Қалаған орталықтарына барып. Қалаған жеміс ,көкөніс суретін салуға және мүсіндеуге үйрету (сурет салу, мүсіндеу)</p>	<p>«Күз туралы ертегі»айтып. Балалардан күз туралы ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Күз» тақпағын жаттату (Қабдікәрім Ыдырысов)</p> <p>Күзім-ау, күзім-ау Мінезің бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау. (көркем әдебиет)</p> <p>Күзгі жаңбыр суретін салуға ынтасын дайындау. Күзгі жемістерді салатын табақты мүсіндеуді үйрету(сурет салу, мүсіндеу)</p>	<p>Күздегі құстар мен жануарлардың тіршілігімен таныстыру. Бақша ауласына құстарды бақылау, олар жайлы. өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Құстардың суретін пішіндерден құрап жапсыру (жапсыру)</p> <p>Құрастыру материалдарынан өкстарға үйшік жасау. (құрастыру)</p>	<p>Күзде жануарлар не істейді, адамдар не істейді сұрау. Тіршіліктеріндегі айырмашылықтарды айта білуін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Бақша күтушісінің пайдаланатын құралдарын таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету (мүсіндеу)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Күзгі бақта пісетін жемістер мен көкөністерді бақылау. «дәмін татып біл» ойынын ойнату. Жемістер мен көкөністерді дәміне қарай тану, атау. Қабылетін дамыту(қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Ермексаздан сәбіз жасату.</p>	<p>Күз ханшайымен серуен, күздің ерекшеліктері туралы айтып беруін дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Бірге тақпақ жаттауын ұйымдастыру «Күз» (Қабдікәрім Ыдырысов)</p> <p>Күзім-ау, күзім-ау Мінезің бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау.</p>	<p>Жеке балалармен күз туралы ауызша ертегілер құрап, оны айтуын жетілдіру. Балалардың дербес ойындары</p> <p>Күзгі ауа райының ерекшеліктерін байқау. Табиғи материалдар жинау. Әр түрлі заттарды лупа арқылы көріп зерттеуін қалыптастыру.</p>	<p>Жасаған үйшіктерін сынақтан өткізу. Басқа да жануарлар туралы кітаптар қарау. (көркем әдебиет)</p> <p>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар</p>	<p>Балабақша ауласына күзде отырғызылатын ағаштар мен гүлдерді отырғызу жұмыстарын бақылау, көмектесу. Балабақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерге күтім жасау. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар</p>

	(мүсіндеу) Еркін ойындар	Дидактикалық ойын «Қай кезде киеміз?» Балаларға жаз және күз мезгілінде киетін киімдердің әр түрлі бейнесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, қай кезде киетінін сұрау, жауап қайтаруды пысықтау. (көркем әдебиет) Еркін ойындар.	(қоршаған ортамен таныстыру)		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті) .				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін ретгілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) .				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдауды дамыту (сөйлеуді	Геометриялық пішіндерді тану және атау дағдыларын пысықтау. Жемістер мен көкөністердің суретіне	Күз бейнесін күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасап көрсетуді	Қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы мультфильм қарау. Неге олар ұшып кетеді деген	Ағаштарды қандай геометриялық пішіндерден жасауға болады ойларын айтуды үйрету. (математика

	<p>дамыту) Жапырақтарды салыстыру сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру (Математика негіздері)</p>	<p>геометриялық пішіндерді беттестіріп қойып, қай пішінге ұқсайтынын анықтауды жетілдіру. (Математика негіздері) Құрастыру материалдарынан жемістер мен көкөністерді салатын қораптарды жасау. (Құрастыру)</p>	<p>қалыптастыру. (жаспыру) Геометриялық пішіндерді тану және атау жапырақтарға қою арқылы анықтауын дамыту. (Математика негіздері)</p>	<p>сұраққа балалардың пікірін тыңдау. (сөйлеуді дамыту) Геометриялық пішіндерді тану және атау, жапсырған құстарын қандай пішіндерден құрады айтып беруді менгерту (математика негіздері)</p>	<p>негіздері) Еркін ойын. Балалардың қалауы бойынша апта бойы жасаған жұмыстарын қайталау. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</p>
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Жапырақтардан қарапайып дестелер құрастыру (құрастыру)</p> <p>Қимылды ойын: «Поезд»</p> <p>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар</p>	<p>Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр»</p> <p>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар</p>	<p>Әр түрлі құрылыс материалдардан қарапайып құрылыстарды құрастыру (құрастыру)</p> <p>Қимылды ойын: «Поезд»</p> <p>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша ұжымдық күзгі жануарлар мен құстар тіршілігі тақырыбында сурет салу және мүсіндеу. (сурет салу, мүсіндеу)</p> <p>Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр»</p> <p>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар</p>	<p>«Күз» такпағын қайталау (Қабдікәрім Ыдырысов) Күзім-ау, күзім-ау Мінезің бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау. Тақпағын қайталау, жеке балалармен жұмыс. (Көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Поезд»</p> <p>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар</p>
Балалардың үйге қайтуы	<p>Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну</p>	<p>«дәмін татып біл» ойынын ойнауға кеңес беру.</p>	<p>Күз туралы сурет салу, кітап қарауды ұсыну.</p>	<p>Күз туралы сурет салу, кітап қарауды ұсыну</p>	<p>Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау.</p>

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамыр
Ахмед

Шамшиева А
Ахметова А

А

Ормбасарова Д.

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР КАРТОТЕКАСЫ

Қыркүйек айы (сылдырмақпен)

I. Жүру , бір-бірінің соңынан сылдырмақты қолына ұстап жүру,
жүгіру, шеңбер болып тұру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулар:

Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.

1- колды жоғары көтеру, 2- оңға, 3- солға сылдырлату, 4 – бастапқы қалып. 4-5 рет қайталау.

2. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол төменде.

1- отыру, 2- сылдырмақты тізеге ұру , 3- шыдырлату, 4-қалып.4-5 рет қайталау.

3. Бастапқы қалып; аяқтың арасы ашық, қол жанында 1-2 алға қарай сермеу, 3-4артқа қарай сермеу. 4-5 рет қайталау.

4. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол төменде.

1-колды созу, 2-аяқты ұшына тигізу, 3-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

5. Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол.

Қояндарша қос аяқтап секіру.5-6сек.

III. Еркін тыныс алу жаттығулары.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Қоян мен қасқыр (*Тәрбиеші балалармен бірге*)

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

Тырналар - тырналар (*Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады*)

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болыңдар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

Тышқандар мен мысық.

Балалар — тышқандар.

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Шыбыққа қалпақ кигізу

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.

Өз түсінді тап.

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменін әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз түсінді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанады. (5-6 рет)

Ақ доп, қызыл доп

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

Поезд

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакындап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

«Допты дәлдеп лақтыр»

Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға (дөңгелекке) лақтырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

«Күміс алу»

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

«Не жедің, тауып айт»

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу. Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау. Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою. Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

«Торғайлар мен автомобиль»

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған

кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

Құстардың ұшып келуі

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш.

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

-ортанғы саусағымды тапшы,-дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі.: басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 с аусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.

Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар

Сен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр , қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:

Мына жерде қой бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

Дидактикалық ойындар картотекасы **«Өзара айырмашылығын тап»**

1. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

2. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.

Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.

Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

«Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: үй есіктерінің суреттері.

Мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

«Вагондарға дөңгелек таңдау»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.

Құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.

« Жұбын тап»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.

Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну.

Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.

«Әдемі кілемшелер»

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы

Қараша айы 2022жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 31.10.2022	Сейсенбі 01.11.2022	Сәрсенбі 02.11.2022	Бейсенбі 03.11.2022	Жұма 04.11.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуын ойнату Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зияткерлік қабылетін дамыту үшін балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аударуды үйрету. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар. Өнер орталығында сурет салу, бояту, суретті кітапшаларды бояу, қарату. Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Сөрелерге ойыншықтарды жинау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер. Балалардың зейінін әдемі, мейірімді, жақсы көңіл-күймен өзіме аударып, бүгінгі күн сендерге қуаныш пен көптеген жаңа қызықты әсерлер әкелген деп «Көңілді-күн» әнін айтқызу. «Менің кітабым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Үйден алып келген кітаптарын қарау. Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мүмкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдауды	Кітаптан «Шалқан» ертегісін оқып беру. Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуын үйрету (Сөйлеуді дамыту)	Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Топтағы заттардан фигураларға ұқсас келетіндерін	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын	Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету. (Сөйлеуді дамыту «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін

	жетілдіру. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту жаттығуларын жасату (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Шалқанның суретін салдырту. Балалардың таңдау бойынша қарындаш немесе қылқаламмен жұмысын жасату. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. (Сурет салу) Ермек саз кесектерін алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы шалқанды мүсіндету (Мүсіндеу) Дайын шалқанды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсырту. (Жапсыру)	табу. Кітаптардан сондай пішін барма қарап, тапқызу. (Математика негіздері) Үшбұрыш фигурасын пайдаланып әр түрлі құрылымдарды ойдан шығарып құрастырту. (Құрастыру)	жаттығулары арқылы кеңейту, Балаларға бір бірден қораптан зат алдырту. Алмай жатып ол не екенін сипап сезу арқылы тапқызу. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелерді, кірпіштерді ажырата білуге үйрету. (Құрастыру)	кітаптан оқып беру. Кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету. (көркем әдебиет) Үйректі ермексаздан жасату. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. (Мүсіндеу)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) . Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Аула тазалаушысымен сұхбат. Еңбек иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуды дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру) Бормен жерде әртүрлі пішіндегі кітаптар, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар және заттарды таңдауы бойынша бейнелеуге баулу (Сурет салу) Қимылды ойын: «Өз үйіңді жылдам тап» Балалардың қалуы бойынша еркін ойындар	Балабақша ауласынан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, салыстыруды жасату. (Математика негіздері) Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Әр түрлі ғимараттар құрастыруды үйрету. (Құрастыру) Қимылды, еркін ойындар Спорттық жаттығулар: Спорт залда үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді үйрету.	Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Ұшып өткен самолетті, құстарды бақылату. (Қоршаған ортамен таныстыру) Көрген заттарының бейнесін ағашпен құмда немесе ауада салып көруді ұйымдастыру. (Сурет салу) Қимылды ойын: «Күміс алу»	Ауа райын бақылату. Желдің бағытын анықтату. Желге қарсы және желдің бағытымен жүгіруді жасату. (қоршаған ортамен таныстыру) Балабақша ауласынан әр түрлі заттарды тауып заттарды жұбымен өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыруды үйрету (Математика негіздері) К/о «Тырнарлар» Спорттық жаттығулар: Спорт залда үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді үйретуді жалғастыру	Құстарды бақылату. Аққу мен үйректің және басқа да құстардың ортақ белгілері туралы әңгімелесу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Ұлттық бұрышқа бару. Әдемі кілемдер мен көрпешелерге назар аударту. Мольбертте салып көруді ұсыну. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. (Сурет салу)

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптардан дене мүшелері бейнеленген суреттер қарату. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды қолдарын үстелдің үстіне және астына қойып ойнату. (Математика негіздері) Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату. Кітаптың мүсінін ермексаздан жасату (Мүсіндеу) Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Кітап бетіне дайын пішіндерді жапсырып сәндеуді үйрету. (Жапсыру)	«Шалқан» ертегісін қайталап оқып беру, балалардың кітаптағы суреттерге қарап қайталап айтуын үйрету. (Көркем әдебиет) Балалардың көздерін байлап, қолдарына бір зат беру. Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру (Қоршаған ортамен таныстыру)	Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Өзара ойындарда сұрақтар қоюды. Кітаптар қарауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ұжымдық жұмыс. Жылы жаққа ұшып бара жатқан құстарды бір біреуден реттілікпен жапсырту. (Жапсыру) ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһазды таңдауы бойынша ерекше белгілерін бере отырып ермексаздан мүсіндету. (Мүсіндеу)	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Кітаптарға қарап әртүрлі кейіпкердің (бауырсақ) бейнесін салу, мүсінін жасауды және жапсыруды үйрету. (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)	Кілемшені сәндеу. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету. (Жапсыру) Ұсқынсыз үйрекке ұя жасау. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. (Құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Еркін табиғи қалдық материалдардан құрылымдар құрастырту. (Құрастыру) Қ/о «Кім жылдам?» Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекетер жасауға үйрету	көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру (музыка) Қ/о «Тырналар»	Қ/о «Поезд» «Жасырылған затты тап сипатта» тапсырмаларын орындату	Қ/о «Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру	Далаға шығып сәлден соң қарңғы болатынын айту. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. (Математика негіздері) Қ/о «Тырналар» Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшадағы кітаптары туралы әңгімелесу. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш
Ахмедов
Шамшиева А. А
Ортинбасарова Д.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы

Қараша айы 2022жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 07.11.2022	Сейсенбі 08.11.2022	Сәрсенбі 09.11.2022	Бейсенбі 10.11.2022	Жұма 11.11.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, тазалығы және денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата», «Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Балармен жеке жұмыс. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; сақ болуға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерді беру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Бала бала балақан» видео Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. «Тазалық денсаулық кепілі», «Тазалық деген не?», «Денсаулық деген не?» тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату жасату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту жатығуларын жасату	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Видео материал көру Денсаулық дегеніміз не? «тазалық деген не?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсінуін жетілдіру (сөйлеуді дамыту) салынған тазалық құралдары, сүлгі, тарақ, тіс щеткасының түстерін дұрыс таңдап бояу.	Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну. «Кірқоймас» мультфильмін тамашалау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	«Менің бөлмем» тақырыбында әңгімелесу. Үйде қандай тазалық жұмыстарын жасайды. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларындұрыс қолдануды үйрету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Фланелеграф тақтасына үйдің тазалығына қолданатын заттарды тауып жапсырту. (Жапсыру)	Денсаулыққа пайдалы дәрумендерді қайдан алуға болады? Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Дәруменге бай	Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп «артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату. Тазалық құралдары жеке басқа, үйге арналған суреттері арқылы жеке жұмыстарды орындату. (математика негіздері) дәстүрден тыс сурет салу негізінде (саусақтарымен және

	(Сурет салу) Құрылыс заттарынан жуынатын бөлме құрастыру (Құрастыру)			көкөністердің суретін таңдауы бойынша салдырту (Сурет салу)	алақандарымен, түрлі- түсті бояулармен) таңбалап салу дағдыларын қалыптастыру. Еркін тақырыпта шығармашылық жұмыс жасату (Сурет салу)
Серуенге дайындық	Балалардың ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
	Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғата маусымдық құбылыстарын бақылату күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілету. (Қоршаған ортамен таныстыру) Тазалықтың досы Тақпағын жаттау. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолың жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың. Тазалықтың досы - Су дегенің осы. (көркем әдебиет) Балалардың дербес әрекетін дамытатын «Өзара айырмашылығын тап» қимылды ойынын ойнату	Аулада өсіп тұрған шырша мен басқа ағаштарға назар аударту. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Құстарды ауызша санау. Үлкен кіші екенін салыстыру. Алыста жақында сөздерінің мағынасын түсіндіру. Құс ұяларын салыстыру ды ұйымдастыру. (математика негіздері) Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық»	Күн тәртібімен таныстыру арқылы тәулік бөліктерін тану және атату - таңертең, күндіз, кеш, түн. (математика негіздері) Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Балабақшаға жақын маңдағы үй жануарларын тамашалату. (Қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті дамыту, еркін ойындары	Балабақша ауласында өсетін ағаштардың денсаулыққа қандай пайдасы бар екенін түсіндіру. Ағаштарға күтімді қалай жасау керектігі туралы әңгімелесу (Қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Поезд» Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырту. (құрастыру)	Табиғи материалдардан орманға барар жол жасауды үйрету. (Құрастыру) «Спорт денсаулық кепілі» екенін түсіндіру. Спорттық ойындар ойнату. Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Сақина жасыру»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып беру (көркем әдебиет)				

<p>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Топтағы тарақтарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыру. «Артығын тап» дидкатикалық ойынын ойнату. (математика негіздері)</p> <p>Сабынның мүсінін жасату. (Мүсіндеу)</p> <p>Жуынатын бөлме суретіне сүлгі сабын тіс шеткесін, тарақты жапсыртуды пысықтау. (Жапсыру)</p>	<p>Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы құстардың суреттерін салдырту, тұзды қамырды пайдаланып құс мүсінін жасату. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден құстарды жапсырту. (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)</p>	<p>Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету (Құрастыру)</p> <p>Тазалық құралдарының суретін салып, ермексаздан мүсінін жасату. (Сурет салу) (Мүсіндеу)</p>	<p>Құлпынай мен қарақатты және т.б жидектерді салысыру. Үлкен кіші сөздерін пайдалануды пысықтау. Бөліп себеттерге салғызу. «Артығын тап» дидактикалық ойыны. Карточкалардан бірдей жидектен артық жидекті тапқызу. (математика негіздері)</p> <p>қарапайым біріктіру білігін жетілдірумен. жидектерді мүсіндету, жапсырту (Мүсіндеу) (Жапсыру)</p>	<p>Суреттер бойынша әңгімелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Жаттаған тақпақтарын еске түсіріп айту. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>ермаксаздан апта бойы жасаған жұмыстың ішінен ұнағанын жасату немесе тақтаға жапсырту дағдысын жетілдіру. (Мүсіндеу) (Жапсыру)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>					
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Балаларға қалауы бойынша аулаға ойыншықтарды алып, шығуына мүмкіндік беру. Еркін ойындар Қ/о:Қоян мен қасқыр</p>	<p>Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырғызу. (құрастыру) Қ/о: Тырналар-тырналар</p>	<p>Ауладағы тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Қ/о: Тышқандар мен мысық</p>	<p>Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. (музыка) Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»</p>	<p>Қандай көкөніс пен жеместерді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт»</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Балалармен тазалық туралы әңгімелесу. Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру.</p>				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы
Қараша айы 2022жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 14.11.2022	Сейсенбі 15.11.2022	Сәрсенбі 16.11.2022	Бейсенбі 17.11.2022	Жұма 18.11.2022
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Бес саусақ» өлеңі Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Орған терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары (көркем әдебиет) «ойыншықтар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Ойыншықтар қайдан келеді? Бізге ойыншықты көп сыйлайтын адамдар? сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді үйрету. (сөйлеуді дамыту) Сылдырмақ Өзінше бір жыр жырлап, Отыр інім былдырлап. Әрі ойыншық, әрі аспап Қолында бар сылдырмақ.	Көлік құралдары ойыншықтарымен таныстыру. Олардың өмірдегі қызметі туралы айту, қалай ойнауға болатынын көрсету. «Артығын тап» (әуе жер, су көліктер) бойынша карточкалармен жұмыс жасату (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп көліктердің суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)	Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының (суретін салу және жапсыру, мүсіндеу) жұмыстарын орындату Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын	«Менің қуаршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра сөйлеуді үйрету (сөйлеуді дамыту) Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасауды	«Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау. Топтағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржынана алған ойыншығы туралы не білетіндерін әңгімелету. Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

	<p><i>К. Ыбрайұлы</i> Өлеңді оқып беру. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау. (көркем әдебиет)</p> <p>Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет салу даңдыларын жетілдіру. карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту. (құрастыру) Дәстүрден тыс әдіспен ойыншықтар бейнесін бояту (сурет салу)</p>		айтқызу. (сөйлеуді дамыту)	меңгерту (сурет салу, мүсіндеу).	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	<p>Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын деген ұғымдарды түсінуін жетілдіру.(қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»</p>	<p>Балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Аула сыпырушы мен бақташыға көмектесу. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Құрастыру материалдарынан көлік құрастыруды дамыту. (құрастыру)</p> <p>Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер</p> <p>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»</p>	<p>Балабақшаны мекендейтін үй жануарлары туралы әңгімелесу. Оны барып көру, күтім жасау. Су тамақ беру. (қонаққа мысық немесе күшік келеді) (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Еркін ойындар.</p> <p>Табиғи материалдардан қора жасату. (құрастыру)</p> <p>Қ/О «Поезд»</p>	<p>Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жапырақтарды салыстыру, жапырақтардың қай ағаштар түскенін атауын үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</p> <p>Еркін ойындар Қуыршақ бейнесі бар қағаздың бетіне дайын киімдерді жапсыруды үйрету. (жапсыру)</p> <p>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»</p>	<p>Серуенге алып шыққан ойыншықтарды салыстыру. Бөлшектерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</p> <p>Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора құрастыруды үйрету. (құрастыру)</p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қ/О «Поезд»</p>
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру (көркем әрекет)				

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) .				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын менгеру (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Табиғи материалдармен ойыншық жасату(жаңғақтармен) мүсіндеу. (Мүсіндеу) Геометриялық пішіндерді таныстыруды жалғастыру. Карточкалармен жеке жұмыстарды орындату. Дидактикалық ойын «Артық пішінді тап» (математика негіздері) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер	«Маша мен аю» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би билеуді үйрету. (көркем әдебиет, музыка) Көліктерді сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. (Математика негіздері)	Үй жануарлары мен жабайы жануарлар бейнеленген кітаптарды қарату. Жануарлардың азығы жайлы түсінігін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) «Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау (Математика негіздері)	Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату. (көркем әдебиет, музыка) Құрастыру материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыруды жетілдіру. (құрастыру) Еркін іс әрекеттер	Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) .				
Серуен	Фланелерафка жасырылған ойыншықтарды тауып жапсырту (жапсыру) Қ/о «Ақ доп, қызыл доп» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/О «Поезд» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету.	Бігінгі ауарайына байланысты көңіл күлері жайлы әңгімелесу Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр»	Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Білетін тақпақтарын қайталап айтуын пысықтау (көркем әдебиет) Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы	Баласының көліктер туралы не білетінін сұрау. Көліктер бейнеленген кітаптар қарауды ұсыну				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш
Ахмедов
Шамшиева А. А
Ахмедова А. А
Ормибасарова Д.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы

Қараша айы 2022жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 21.11.2022	Сейсенбі 22.11.2022	Сәрсенбі 23.11.2022	Бейсенбі 24.11.2022	Жұма 25.11.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күннің суытуына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап», «Үй құстарын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Қазір жылдың қай мезгілі? Алда қандай мезгіл келе жатыр? Қысқа дайындықты адамдар, жануарлар, құстар, көліктер қалай жасайды сұрау. Пікірлерін тыңдау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).	Дене шынықтыру Ауылға саяхатқа баруды ұсыну. Балабақшаның ішінде үлкен көлемді жануарларды тамашалау. Олардың қысқы өмірі туралы сұрау. Олар дала да тұрады, жаурайды ма, жаурамай ма? Олар тоңып қалмас үшін не істейміз деп әңгәмеге тарту «Қошақаным» әнін айтқызу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)	Музыка «Бала бала балапан» әнін айтқызу. би қимылдарын жасату. Балапан туралы не білетінін сұрау. (сөйлеуді дамыту) «Құс қанат» оюын таныстыру, қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту. (сурет салу) Құрастыру материалдарынан карточкаларға қарап балапан құрастыруға көмектесу	Дене шынықтыру «Қай ертегіден» дидактикалық ойыны арқылы суреттерді көрсетіп, қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Ертегілерде қыс бейнесі қалай бейнеленгенін суреттерден көрсету. (көркем әдебиет) Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салыстыру, санату (математика негіздері)	Дене шынықтыру Терезеден көліктерді көрсету, дауыстарын салу. Кімнің үйінде көлік бар. Олар қалай қысқа дайындалады. Дөңгелектерін қалай ауыстырады. Диалог құруды үйрету. (көркем әдебиет) Әр түрлі көлемде ермексаздан дөңгелектер жасату. Оларды салыстыру, санату, (математика негіздері және мүсіндеу)

			(құрастыру)	Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату. (сурет салу, мүсіндеу жапсыру)	Көліктерге арнап гараж құрастырғызу (құрастыру)
Серуенге дайындық	Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласына ауа райын бақылату. Жапырақтардың тербелуі мен жерге түсуін тамашалату. Құстарға қарау. Олардың үй құстарынан айырмашылығы неде екенін сұрау, ақпарат беру. (қоршаған ортамен таныстыру) Ұжымдық сурет салдырту. Қарапайым табиғат құбылыстарын таяқпен жерде салғызу (сурет салу) Еркін ойындар	Балабақша ауласын сипаттап, ауа райы туралы айтып беруін ұйымдастыру. (қоршаған ортамен танысу) құмда таяқпен төрт түліктің ерекше белгілерінің суретін салуды ұйымдастыру. Ермексаздан жануарлардың ерекшелігімен (мүйізі, тісі, құйрығы) жасауды жетілдіру. (мүсіндеу, сурет салу) «Жеті лақ» ертегісін кітаптан оқып беру, суреттерін көрсету. (көркем әдебиет) Дидактикалық ойын «Кім екенін тап»	Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар мен құстар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Құстардың қысқа қалай дайындалатынын бақылату. (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеттері Фланелеграфқа торғайларды жапсырту (Жапсыру)	Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар (құрастыру) Аула сыпырушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру. Балалардың дербес әрекеттері	Желді бақылау, желге қарсы және желдің бағытында жүру. Айырмашылығын сезіну, айта білуін дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Әлем халықтарының ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. Жыл мезгілдерін санау, табиғат бұрышынан өзгерістерді анықтату. (математика негіздері) Балалардың таңдауы бойынша қарды ермексаздан жасату. Фланелеграфқа мақтадан жасалған қар ұлпаларын жапсырту. (мүсіндеу, жапсыру) Табиғи материалдардан үй құстарына үйшік құрастырту. (құрастыру)	Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту (Математика негіздері) Құрастырмалы ойыншықтардан төрт түлікке қора құрастырту (Құрастыру) Фланелеграфта төрт түлікті төлдерімен сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау (Жапсыру)	Торғай ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту (үлкен, кіші) (Математика негіздері) «Әнші балапан» әнін тыңдату, сюжеттік мүсіндеуді орындату. (Мүсіндеу)	«Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту. (сөйлеуді дамыту) дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау. (сөйлеуді дамыту)	Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) Балалардың таңдауы бойынша көлік түрлерінің суретін салып, дайын дөңгелектерді көліктерге жапсыру жұмыстарын орындату (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

Серуен	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/о «Сақина жасыру». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. Балалардың дербес әрекеттері	Торғайды дыбыстарын салдырту. Кітаптан ертегі қарату. (көркем әдебиет) Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	Қ/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу. Апта бойғы жұмыстар жөнінде ақпарат беріп отыру.				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамб
Ахмед
Шамшиева А. А
Ахметова А. А
Орынбасарова Д.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы

Қараша айы 2022жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 28.11.2022	Сейсенбі 29.11.2022	Сәрсенбі 30.11.2022	Бейсенбі 01.12.2022	Жұма 02.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап», «Үй құстарын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балабақша есігін Үшке тола ашқанбыз. Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз. «Менің қалам» тақырыбында әңгімелесу. Саябақ, ойын сауық орталықтарымен, жергілікті жердің әдемі суреттерін көрсету. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Кітаптар орталығында үйлер бейнелеген кітаптарды көрсету. Қала туралы не білетінін анықтау. Қала туралы не білгісі келетінін сұрау. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. (сөйлеуді дамыту және көркем	Үйден қаланың саябақтарында түскен фоталарын алып келтірту. Суреттерді тамашалап, естеліктерін бір біріне айтып беруін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) (музыка)	Субұрқақтар туралы не білетіндерін сұрау. Сурет бойынша әңгімелеуді жетілдіру. (сөйлеуді дамыту) Су бұрқақты қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту. (сурет салу)	Дидкатикалық ойын «Бұл қай жер» суреттерді көрсетіп қай жер екенін(саябақ, дүкен, сауда орталығы, емхана) тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. (көркем әдебиет) Суреттегі ғимараттарды	«Менің қалам» тақырыбында отбасы мүшелерімен салып келген суреттерін таныстыру, әңгімелету. (көркем әдебиет) Салған суреттеріндегі бейнелерді үлкен кіші екенін салыстыру (математика негіздері)

	әдебиет) Ұжымдық сурет салу.бастыру әдісімен плакатқа үйлер салып, қаланы бейнелеуге баулу (сурет салу)	Саябақтың суретін салдырту. Ермексаздан ағаштар жасап, барлығын бір жерге жинап саябақ жасату. Дүкендегі ойын құралдарын құрастыруды жасату. (мүсіндеу, сурет салу,құрастыру)	Құрастыру материалдарынан су бұрқақты құрастырып жасату (құрастыру)	салысытыру, санату (математика негіздері) Балалардың таңдаған суреттері негізінде шығармашылық жұмыстарын орындату. (сурет салу, мүсіндеу жапсыру)	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Таза ауада жүріп күз бен қыстың айырмашылығы неде екенін сұрау, ақпарат беруді қалыптастыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар	Балабақша қаланың бөлігіне жата ма? Оны қалай білуге болады? Балалардың ойларын тыңдау. Басқа балабақшаға барып көрді ме? (қоршаған ортамен танысу) Серуенге алып шыққан кітаптан ертегі оқып беру, суреттерін көрсету. (көркем әдебиет) Дидактикалық ойын «Кім екенін тап»	Балалар тұратын қала мен ауыл атауын атап тануын қалыптастыру. Қазақстан Республикасының астанасы туралы білімдерін жетілдіру. (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеттері	Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар ойнату (құрастыру) Аула тазалаушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру. Балалардың дербес әрекеттері	Балабақшаның дәліздеріне көрме жасап салып келген суреттерін іліп қою. Басқа топтың балаларын тамашалауға шақырып өздері салған суреттерін таныстыруды ұйымдастыру (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар Құрылыс материалдарымен еркін тақырыпта құрылымдарды жасату (құрастыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	.Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Орыс халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)				

	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тәулік бөліктерін тануын дамыту оларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. (математика негіздері) Балалардың таңдауы бойынша ермексаздың түсін таңдап үй жасату, үйлерді, ағаштарды жолдарды фланелеграфта жапсырту. (мүсіндеу, жапсыру) Ірі құрылыс материалдардан үй құрастырту. (құрастыру)	Өдері жасаған ағаштарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту (Математика негіздері)	Топтағы ойыншықтарды үлкені кіші екенін анықтап салыстыруды пысықтау. (Математика негіздері) Су бұрқақтың мүсін жасау, суды қағаздардан қиып ап жапсырту. (Мүсіндеу) (Жапсыру)	Ойыншықтарды пайдаланып, ойдан ертегі шығарып, бір біріне айтып беруін дамыту. (сөйлеуді дамыту)	Кітаптардан ертегілерді қарату. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасату. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсырту (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/о «Сақина жасыру». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауын дамыту. Балалардың дербес әрекеттері Көңілді ән қосып, дене қыздыратын би билету (музыка)	Кітаптан ертегі қарату. (көркем әдебиет) Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Желді, құстарды бақылату. Өзгешеліктерді байқату. (қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»	Қ/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері
Балалардың үйге қайтуы	Қаланың көрікті жерлеріне серуенге шығуды ұсыну. Апта бойы жасаған іс әрекеттер бойынша ақпарат беру.				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш
Ахмед

Шамшиева А. А.
Ахмедова А. А.

Ормибасарова Д.

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР КАРТОТЕКАСЫ

Қараша айы (ленталармен)

I. Жүру, колды алға созып жүру, қояды белге қойып, аяқтың ұшымен жүгіру, жәй жүру, шеңбер болып тұру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулары:

1. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық қол төменде,

1-қолды алға созу, 2-қолды айқастыру, 3-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

2. Бастапқы қалып; аяқтың арасы ашық қол төменде.

1-қолды жоғары көтеріп, 2-оңға қарай сермеу,

3- солға қарай сермеу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

3. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол төменде.

1-отыру, 2-орнынан тұрып, қолды жоғары көтеру, 3-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

4. Аяқты алмастырып секіру. 7-8 сек.

III. Еркін тыныс алу жаттығулары.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Қоян мен қасқыр (*Тәрбиеші балалармен бірге*)

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

Тырналар-тырналар

(*Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады*)

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болыңдар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

Тышқандар мен мысық.

Балалар — тышқандар.

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Шыбыққа қалпақ кигізу

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.

Өз түсінді тап.

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменін әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз түсінді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанады. (5-6 рет)

Ақ доп, қызыл доп

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

Поезд

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакывдап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поезддің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

«Допты дәлдеп лақтыр»

Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға (дөңгелекке) лактырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

«Күміс алу»

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

«Не жедің, тауып айт»

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау.Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

«Торғайлар мен автомобиль»

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

Құстардың ұшып келуі

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш.

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де,сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға:

-ортанғы саусағымды тапшы,-дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да,міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса,ұпайды бірінші бала тартады.Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі.:басбармақ,балан үйрек,ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек.Бес саусағын түгел жұмады.Тағы да бас бармағыннан бастап,былай деп 5 с аусақты түгел жазады.

Сен тұр қойына бар.

Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар

Сен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де,жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр ,қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:

Мына жерде қой бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

Дидактикалық ойындар картотекасы

«Өзара айырмашылығын тап»

1. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

2. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.

Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.

Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

«Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: үй есіктерінің суреттері.

Мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

«Вагондарға дөңгелек таңдау»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.

Құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.

« Жұбын тап»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.

Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.

«Әдемі кілемшелер»

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы

Желтоқсан айы 2022жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 05.12.2022	Сейсенбі 06.12.2022	Сәрсенбі 07.12.2022	Бейсенбі 08.12.2022	Жұма 09.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйінді көрсет» ойын жаттығуын ойнату Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зияткерлік қабылетін дамыту үшін балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аударуды үйрету. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар. Өнер орталығында сурет салу, бояту, суретті кітапшаларды бояу, қарату. Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары Сөрелерге ойыншықтарды жинау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер. Ау, балалар, балалар! Айналаға қараңдар! Биыл тәтті қыс болды, Бұл бір сәтті іс болды. Ақ бұлт бүркеп аспанды, Шекер жауа бастады. Бұл қыс қандай тамаша! Ә. <i>Табылды</i> тақпағы арқылы қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін түсіндіру. Терезеге қарап ауа райын бақылау. «Қыс мезгілі туралы не біледі?» «Қыста не болады?» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мүмкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Таныс кітаптардағы қыс мезгілінің суреттерін	Кітаптан «Қар ханшайымы» ертегісін оқып беру.	Топтың ішінен бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?»	Ғажайып қоржын. ішінен әр түрлі заттарды аладырту. Оларды	«Қар ханшайымы» ертегісі туралы не білетіндерін естеріне түсіру,

	балалармен бірге қарау, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, бір бірінің пікірлерін тыңдауды жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Домалақ қар түіршіктерін салуды жетілдіру (Сурет салу)	(жартысын түстен кейін оқу) Суреттерін көрсету. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Суық жылы, қыс жаз. (Сөйлеуді дамыту) Ермек саз кесектерін алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы қар ханшаймының таяғын мүсіндету (Мүсіндеу) Ханшайымды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсырту. (Жапсыру)	сұрағына жауап беруін қалыптастыру (Математика негіздері) Әр түрлі ойын құралдарынан қамал құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. (Құрастыру)	арнайы қораптарға саладырту негізінде. заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен атауды жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. (Құрастыру)	мультфильмін көрсет+ у. Кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша аққала немес қар түйіршіктерін ермексиздан жасату. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. (Мүсіндеу)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, салқын), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын: «Өз үйіңді жылдам тап» Балалардың қалуы бойынша еркін ойындар	Балабақша ауласынан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, салыстыруды жасату. (Математика негіздері) Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, қардан аққала құрастыруды үйрету. (Құрастыру) Қимылды, еркін ойындар	Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Ұшып өткен самолетті, құстарды бақылату. (Қоршаған ортамен таныстыру) Аяқ киімдерінің іздерін бақылау. Өз іздерінен жол салу. (Сурет салу) Қимылды ойын: «Күміс алу» Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.	Серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Тырналар»	Құстарды бақылату. Ауа райы туралы өз бетінше айту дағдысын қалыптастыру (Қоршаған ортамен таныстыру) Қарға жатып, аяқ қолдарын қимылдатып, өздерінің қарға түскен пішіндерін тамашалату. (Сурет салу)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін				

	суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.				
	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды қолдарын үстелдің үстіне және астына жасыру бойынша ойнату. (Математика негіздері) Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату. Қар түіршігінің мүсінін ермексаздан жасату (Мүсіндеу) Фланелеграфқа қыс мезгілінің көрінісін бейнелейтін белгілерін жапсырту. (Жапсыру)	«Қар ханшайымы» ертегісінің жалғасын оқып беру, балалардың кітаптағы суреттерге қарап қайталап айтуын үйрету. (Көркем әдебиет) Дөңгелек пішінді қарды бейнелеу. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. (Сурет салу)	«Қаладағы қыс» Қыстың аппақ қаламы Ағартыпты қаланы. Аялап жүр аяз кеп, Ауладағы баланы. Соғып үлкен ақ қала, Соған маз боп, шаттана, Асыр сап жүр алаңда Қар атысып топ бала Өлеңді тыңдай білуге тәрбиелеу. Не туралы айтылғанын сұрау. Терезеден аққаланы көрсету. Аққала туралы не білетінін айтқызу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Бірінші топ балаларына аққаланың мүсінін ермексаздан жасату екінші топтың балалары дайын пішіндерді үйлестіріп аққала жапсырады (мүсіндеу, жапсыру)	Ұжымдық жұмыс. Қыс мезгілі. Ақ қағазға бірнеше баладан бөлініп, дайын пішіндерді жапсырып, қардың суретін салу. (сурет салу, жапсыру) Топтан әр түрлі заттарды тауып заттарды жұбымен өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем)салыстыруды үйрету (Математика негіздері)	Қар ханшайымы ертегісіндегі Кай мен Герданы фланелеграфқа орындарын тауып жапсыру. (Жапсыру) Кай мен Гердаға әдемі үй құрастыру. (Құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қармен әр түрлі құрылымдар құрастырту. (Құрастыру) Қ/о «Кім жылдам?»	Ауа райын бақылау, күннің кешке қарай суытатынын түсіндіру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Тырналар»	Қ/о «Поезд» Далада қардың асытына, ағаштың түбіне әр түрлі заттар жасыру. «Жасырылған затты тап сипатта» тапсырмаларын орындату.	Қ/о «Кім жылдам?» Көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру (музыка)	Далаға шығып сәлден соң қараңғы болатынын айту. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. (Математика негіздері) Қ/о «Тырналар»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш
Ахмедов
Шамшиева А. А
Ахмедова А. А
Ормибасарова Д.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы

Желтоқсан айы 2022жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 12.12.2022	Сейсенбі 13.12.2022	Сәрсенбі 14.12.2022	Бейсенбі 15.12.2022	Жұма 16.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, тазалығы және денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата», «Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Балармен жеке жұмыс. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.				
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; сақ болуға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерді беру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Бала бала балақан» видео Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. «Қазақстан туралы не білесіңдер?» тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату жасату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	
	Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.	Қазақстанды мекендейтін ерекше жануарлар туралы мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	«Менің қалам, балабақшам» тақырыбында әңгімелесу. Кітаптардан суреттер қарау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Фланелеграф тақтасына үйдің және балабақшаның заттарын	Кітаптан балалардың сұраныстары бойынша ертегілер оқып беру. Көрген ертегілерінен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	
	Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін				

	(қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Ішінен көк түсті тану. Туда бейнеленген күнді салуды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. (Сурет салу) Құрылыс заттарынан күн бейнесін құрастыру (Құрастыру)	Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)	тауып жапсырту. (Жапсыру)	Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету (математика негіздері)	
Серуенге дайындық	Балалардың ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғатта маусымдық құбылыстарын бақылату күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілету. (Қоршаған ортамен таныстыру) Отан Отан деген-атамекен, Отан деген-туған жер. Отан-ана Отан-үлкен. Қазақстан – туған ел. Е.Өтетілеуұлы (көркем әдебиет) Балалардың дербес әрекетін дамытатын «Өзара айырмашылығын тап» атты қимылды ойынын ойнату	Құстарды ауызша санату. Үлкен кіші екенін салыстыру. Алыста жақында сөздерінің мағынасын түсіндіру. Құс ұяларын салыстыру ды ұйымдастыру. (математика негіздері) Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық» Қарда аяқ киімнің іздерімен жол салу, ағаштардың қарын түсіру.	Күн тәртібімен таныстыру арқылы тәулік бөліктерін тану және атату - таңертең, күндіз, кеш, түн. (математика негіздері) Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Қыстағы ағаштардың бейнесі туралы ақпарат беріп бақылау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.	Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. (Қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Поезд» Қардан қарапайым құрылыстар құрастырту. (құрастыру)	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып беру (көркем әдебиет)				

<p>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Гуды көрсету оның көлемі түсі пішіні туралы айту. «Артығын тап» дидактикалық ойынын ойнату. (математика негіздері) Күннің мүсінін жасату. (Мүсіндеу) Көк паракқа күнді жапсыру. (Жапсыру)</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы жануарлардың суреттерін бояу, тұзды қамырды пайдаланып жануар мүсінін жасату. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден жануарларды жапсырту. (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)</p>	<p>Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету (Құрастыру) Ермексаздан ағаштың мүсінін жасату. Ағаштардың суретін бояу. (Сурет салу) (Мүсіндеу)</p>	<p>Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу Ермексаздан жануарлар жасап орманға орналастыру. Менің Қазақстаным тақырыбында композицияны фланелеграфта жапсырту (Мүсіндеу) (Жапсыру)</p>	
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>					
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Балаларға қалауы бойынша аулаға ойыншықтарды алып, шығуына мүмкіндік беру. Еркін ойындар Қ/о: Қоян мен қасқыр</p>	<p>Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырғызу. (құрастыру) Қ/о: Тырналар-тырналар</p>	<p>Ауладағы тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Қ/о: Тышқандар мен мысық</p>	<p>Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. (музыка) Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»</p>	
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Балалармен тазалық туралы әңгімелесу. Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру.</p>				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ортаңғы «Балауса» тобы

Желтоқсан айы 2022жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 19.12.2022	Сейсенбі 20.12.2022	Сәрсенбі 21.12.2022	Бейсенбі 22.12.2022	Жұма 23.12.2022
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртінуге. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Сөздік қорды толықтыру. (көркем әдебиет) «Қысқы ойындар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған	Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру

іс-әрекеттер	Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).				
Таңертеңгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				

	Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріңдерші? Көктемде не жауады? Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, бір біріне жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Наурыз мерекесі туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	Көктемнің алғашқы айы наурыз екені. Наурыз тойы туралы ақпарат беру. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты	Балаларды « тұсау кесу» дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы адамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы	Қазақ халқының тұрмыстық заттарын тану және атау дағдысын кеңейту. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы	«Жеті лақ» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды үйрету (сөйлеуді дамыту)	Киіз үй туралы не білетіндерін сұрау. Халық мақалдарын айтқызу. Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені. Әкені көріп ұл өсер, Ананы көріп қыз өсер. (сөйлеуді дамыту)

	күтіп алу, төрге отырғызу, ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Ұлттық бұрышта, ұлттық киімдерді киіп, қонақты күтіп алып шығарып салуын дәстүрге сай ұйымдастыруын сахналату. (сөйлеуді дамыту)	көретінін білдіру дағдысын жетілдіру. «Тәй тәй» өлеңі әуеніне балаларды билету. Қуыршақты жетелеп жүруді ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту) музыка) Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерін тағып көруіне жағдай жасау. (қоршаған ортамен танысу) Дайын әшекей бейнелерін бояту (сурет салу)	көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. (қоршаған ортамен танысу) Киіз үйге ойыншықтарды отырғызу барысында. оңнан солға қарай бойына қарай дұрыс отырғызуды үйрету (математика негіздері) Ән ұранды айтқызу, қолдарын кеудесіне жүрек тұсына дұрыс қоюды үйрету (музыка)	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіруді жетілдіру (жапсыру)	Киіз үйдегі тұрмыстық заттарды атату. Олардың қызметі туралы айтқызу олардың суретін салғызу. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ұлттық заттарды балабақшада қай жерлерінен көруге болатынын айтып,	Ауа райын тамашалату. Көктемнің алғашқы белгілерін байқату.	Ағаштың бұтақтарын жинап, үйшік құрастыру. (құрастыру)	Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында кездесетін пішіндерді таптырту атауы	Балабақшаның ұлттық бұрышына барып, қонақ күту ойынын ойнату.

	<p>ертіп апарып көрсету. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлауды және өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: оң-сол жағына қою дағдысын ойын арқылы үйрету. (математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль»</p>	<p>(қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Ойыншықтарын өз жанына қойып, оң сол жағын анықтауды жетілдіру. (математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын «Құстардың ұшып келуі»</p>	<p>Балабақша ауласындағы құстарды бақылату. Олардың тіршілігі туралы әңгімелету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қимылды ойын «Сақина жасыру»</p>	<p>дағдысын пысықтау (математика негіздері)</p> <p>Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» Құстар мен жануарлардың дауыстарын тану, атауды пысықтау.</p> <p>Қимылды ойын «Қуыр-қуыр қуырмаш»</p>	<p>(көркем әдебиет)</p> <p>Ұлттық бұрыштағы заттарды тану, санау, салыстыруды жетілдіру (математика негіздері)</p> <p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсырту Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау. (жапсыру)</p>
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір				

	тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату (музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Бесін ас алдында қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балаларды екі орталыққа бөлу. Бірінші орталықта балалар құрылыс материалдарынан үй құрастырады. (құрастыру) Екінші орталықта шығармашылықпен айналысады. Қалаулары бойынша	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Кесе жасату. (мүсіндеу) «Сақина салу» ұлттық ойынымен таныстыру. Оның ережелерін айту. Сақина түрлерімен	Балаларды орталықтарға бөлу. Ермексаздан қамшы мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. (мүсіндеу) Кілемшедегі оюларды бояту. (сурет салу)	Әшекей бұйымдарды безендіру. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға дағдыландыру. (сурет салу) Қазақ халқының табиғи	Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық

	<p>ұлттық тағамдардың (бауырсақ) суретін бояйды немесе мүсінін жасап үстел бетіне жайғастырады. Таңдауы бойынша дайын тағамдарды фетр тақтаға жапсырады.</p>	<p>таныстыру. Бірнеше рет ойнату. (көркем әдебиет)</p>	<p>Наурыз тойында киіз үйді тігетіні туралы кітаптар қарату. киіз үй туралы не білгендерін сұрау. (көркем әдебиет)</p>	<p>материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру. (құрастыру)</p> <p>Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдебиет кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату (көркем әдебиет)</p>	<p>құрастыруға қызығушылықты ояту. (құрастыру)</p> <p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндету, оларды таяқшамен таңбалап безендіруді меңгерту (мүсіндеу)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>					

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Поезд» Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль» Құрылыс материалдарымен еркін ойындар ойнату (құрастыру)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Құстардың ұшып келуі»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Сақина жасыру»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы ақпарат беру. Оқып берген ертегілерді үйде қайталау. Көлік түрлері туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш
Ахмед
Шамшиева А. А
Ахмедова А. А
Орпнбасарова Д.

Наурыз айы 2023 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 20.03.2023	Сейсенбі 21.03.2023	Сәрсенбі 22.03.2023	Бейсенбі 23.03.2023	Жұма 24.03.2023
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасында өз ойын толық жеткізуі туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық».</p> <p>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.</p> <p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдауды үйрету. (құрастыру)</p> <p>Кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру.</p> <p>Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру</p>				
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> <p>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)</p>				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Таңғы жиын. Шуақ шаша алтын таңда, Мөлдір таза ауада. Табиғаттың бәрі оянады. Қайырлы таң балалар! Сәлем бердім саған елім! Тал бесігім туған жерім. Сәлем бердім бәріңізге! Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде қанша ай бар? Атап беріңдер? Жарайсыңдар!!! Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Жаңбыр» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Қазақ тілі құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p>				<p>Музыка</p>
	<p>Серуен барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемдегі – құстардың ұшып келуі, оларды қоректендірудің қажеттігін түсіндіру. Топқа оралып, жабайы аңдардың суретін көру</p>				<p>Терезеге қарап жаңбырды тамашалау. Жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Далаға шелектер қойып су жинату, жиналған суды топтағы өсімдіктерге құйюды ұйымдастыру</p>

	<p>олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Балалардың кітаптағы құстардың бейнесін өз бетінше қарап, әңгімелеуіне мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)</p> <p>Құстардың суретін аяқтау(шеңберге үшбұрыштар салу арқылы), бояту (сурет салу).</p>			<p>(сөйлеуді дамыту және қоршаған ортамен танысу) Күн тәртібі бейнеленген суреттер мен күн тәртібі бейнеленген қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды пысықтау: күндіз-түнде, таңертең-кешке түсінігін пысықтау Ауа райын бақылап, жаңбыр қай кезде жауып тұрса, сол кезде жаңбырдың карточкасын тауып жапсыруды ұйымдастыру. (математика негіздері)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>			

Серуен	<p>Балабақша ауласындағы ағаштарды, құстарды салыстыру. Тең бөлім анықтауды жетілдіру (математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын «Сақина жасыру»</p> <p>Наурыз туралы ән айту. (музыка)</p> <p>Еркін ойындар</p>			<p>Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. (көркем әдебиет)</p> <p>Ауладағы ағаштарды бақылау, салыстыру, Ағаштарды, дала гүлдерін тану және атау, өсімдік бөліктерін тануын қалыптастыру (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Поезд»</p>
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).</p>			
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану.</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p> <p>Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)</p>			
Күндізгі ұйқы	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.</p> <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ</p>			

	<p>моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Көктемгі тіршілік туралы ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)</p>					
<p>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Бесін ас алдында қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>					
<p>Бесін ас</p>	<p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>					
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітаптар қарату. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру. (сөйлеуді дамыту Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталату, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)</p>					<p>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)</p>
	<p>Құстардың мүсінін</p>					

	жасау, фетр тақтасына жапсыру жұмыстарын орындату (мүсіндеу, жапсыру)				
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Қимылды ойын «Жоғары лақтыр» Конструктордан әр түрлі құрылымдар құрастыру. (Құрастыру)				Қимылды ойын «Сақина жасыру» Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Қазақша жаңа жыл туралы әңгімелесуді ұсыну. Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш
Ахмедов
Шамшиева А. А
Ахмедова А. А
Ормибасарова Д.

Наурыз айы 2023 жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 27.03.2023	Сейсенбі 28.03.2023	Сәрсенбі 29.03.2023	Бейсенбі 30.03.2023	Жұма 31.03.2023
Балаларды қабылдау	Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, денсаулығы туралы сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру				
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Жарайсындар!!! Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Көктемгі ағаштар» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату,				

	қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	Көктем мезгілі турал фильм көрсету. Көктемде ағаштар бүршік жарып, жапырақ ашып, жеміс ағаштары гүлдейтінін айту. бірақ бұл құбылыс Қазақстанның әр өңірінде әр түрлі уақытта болатынын айту. Мысалы Астанаға көктем кеш келеді. Ал Қазақстанның оңтүстігінде өрік ағаштары гүлдеп жатқанын түсіндіру. Терезеге қарап, ағаштарды бақылату. Дәл осы сәттегі ағаштардың бейнесін сурет етіп салып,	Бәйтерек ағашы туралы мультфильм суреттер қарату. Астанадағы бәйтерекпен салыстыру. (сөйлеуді дамыту) Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексаздан жасап жабыстыруын ұйымдастыру. (мүсіндеу)	Балаларды орталықтарға бөлу. Қалауы бойынша кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) Балалардың дербес шығармашылық әрекеті. Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. (сурет салу).	Ғажайып қоржынды көрсету. Ішіндегі ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балаларға топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасау. (математика негіздері) Қоржыннан шыққан ойыншықтардан әр түрлі құрылым құрастыру. Құрастырған құрылыспен сюжетті	Дидактикалық ойын «Ағаштардың дәнін тап» Суреттерде ағаштар және олардың дәндері. Екінші конвертте ағаштар және жемістер. Сәйкесін табуды үйрету. Оларды қалай тануға және ажыртуға болатынын түсіндіру. Бір біріне жасырып ойнатуын ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту) Дәндерді екеуден жинату. Карточкалармен жұмыс жасату. (математика негіздері)

	есімізге сақтап қалайық деп сурет салуды ұсыну. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу) «Бақша ағаштар» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізі ойын балаларға түсіндіру. (көркем әдебиет)			ойыншықтарды қолданып ойнату. (құрастыру)	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылату. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Алып шыққан ойыншықтарын салыстыру. (математика негіздері) Қимылды ойын «Күміс алу» Еркін ойындар	Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.	Көктемгі ағаштарды бақылау. Белгілерін тани білуін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір» Асфальтқа бормен, өз	Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылату (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін	Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. (көркем әдебиет) Табиғатты бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда

	<p>Құмға таяқшалармен өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. (сурет салу)</p>	<p>(қоршаған ортамен танысу) Жаңбырдың суын басып, құрғақ жерді басу арқылы іздер салу. (сурет салу)</p> <p>Қимылды ойын «Поезд»</p>	<p>бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. (сурет салу)</p>	<p>белгілеуді пысықтау (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастырту (құрастыру)</p> <p>Қимылды ойын «мысық пен тышқан»</p>	<p>болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, ұя салуы, балапан шығаруы жайлы айтып таныстыру (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Трамвай»</p>
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).</p>				
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану.</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p> <p>Ереже айтқызу. (сөйлеуді дамыту)</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.</p> <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Әртүрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)</p>				

<p>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітаптар қарату. Астанадағы бәйтерек Таныс ертегілерді өз мұнарасы туралы бетінше айтуға айту. оның макетін дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Дайын ағаштарға жапырақтар мен гүлдерді ермексаздан жасап, немесе қағаздан жапсыруды үйрету (мүсіндеу, жапсыру)</p> <p>Көктем туралы жаттаған әнін айтқызу (музыка)</p>	<p>Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Жиын жасату. (математика негіздері)</p> <p>«Көктемдегі Маша мен аю» Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құруға жағдай жасау (мүсіндеу)</p> <p>Бау бақша жасату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауды, өздерінің</p>	<p>Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру)</p> <p>Таныс ертегінің кейіпкерлерінің қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу.</p> <p>Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. (жапсыру))</p>	

			кұрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнау дағдысын жетілдіру. (кұрастыру)		
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Еркін ойындар Табиғи заттардан құрылымдар құрастыру. (Кұрастыру) Қимылды ойын «Қоян мен қасқыр»	Қимылды ойын «Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р» «Мақта қыз бен мысық» ертегісіндегі ағаштың рөлі туралы сұрау. Ағаштың не беретінін естерінде сақтау. Ағаштардың жапырақтарын бақылату. (көркем әдебиет)	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (муызка) Еркін ойындар Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық.»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Допты дәлдеп лақтыр»	Еркін ойындар Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.

Балалардың үйге қайтуы	Ағаштар туралы әңгімелесуді ұсыну. Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.
------------------------	--

Тәрбиешілер:

Әдіскер:

Шамш
Ахмед
Шамшиев А. А
Ахметова А. А
Ормбасарова Д.

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Наурыз айы (гүлдермен)

- I. Жүру, қолдарындағы гүлдерді жоғары көтеріп жүру жүгіру баяу және тез,екі қатарға бөлініп тұру.
- II. Бастапқы қалып - аяқты бірге қосып тұру, қол төменде:
1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға тербелу, 3-солға тербелу,
4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.
- III. Бастапқы қалып екі аяқ арасы ашық қол төменде:
1-қолды алға созу, 2-еңкейіп гүлдерді жерге қою, 3-бастапқы қалыпқа қайта оралу,
4-қолды алға созу , 5-жердсгі гүлдерді қолға алу бастапқы қапыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.
- IV. Бастапқы калып аяқ арасы ашық, қол төменде: 1-секіріп аяқ арасын қосу, гүлдері бар қолдарын жанына созу.
- V. Гүлдері бар қолдарын жоғары көтеріп бір орнында айналып жүгіру, еркін тыныс алу жаттығулары.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Қоян мен қасқыр (*Тәрбиеші балалармен бірге*)

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

Тырналар-тырналар (*Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады*)

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болыңдар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

Тышқандар мен мысық.

Балалар — тышқандар.

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Шыбыққа қалпақ кигізу

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағытта білуге үйренеді.

Өз түсінді тап.

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменін әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз түсінді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанады. (5-6 рет)

Ақ доп, қызыл доп

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

Поезд

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд

станцияға жақындап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

«Допты дәлдеп лақтыр»

Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға (дөңгелекке) лақтырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

«Күміс алу»

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

«Не жедің, тауып айт»

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу. Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау. Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою. Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

«Торғайлар мен автомобиль»

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады. Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

Құстардың ұшып келуі

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.

Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш.

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: -ортанғы саусағымды тапшы,-дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі: басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 с аусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.

Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар

Сен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр ,қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:

Мына жерде қой бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

Сәуір айы 2023 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 03.04.2023	Сейсенбі 04.04.2023	Сәрсенбі 05.04.2023	Бейсенбі 06.04.2023	Жұма 07.04.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қарсы алып, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдыларын жетілдіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Ғажайып қорапшадан ұнаған жаңа ойыншығын алып, топқа өтуін ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың танымдық, зияткерлік дағдыларының даму деңгейлері туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу, оларды шеңберге отырғызып, бір біріне жақсы тілек айтқызу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Өнер орталығында сурет салғызу, суретті карточкаларды бояту, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Шамасы келетін жұмысты орындату кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Дене белсенділігі (таңертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Шаттық шеңбері «Сәлем берем үлкенге»				

дайындық	<p>Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз, Бәріне де ізетпен, Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісуіне жағдай жасау. Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? «Құстар туралы не біледі? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамытуды жетілдіру</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Қазақ тілі</p>	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша

	<p>Балалардан қазір жылдың қай мезгілі? Күндіз ба, әлде түн ба? Аспанда біз не көреміз? Құстар туралы не білесіңдер? Құстар күндіз ұша ма? Әлде түнде ұшады ма? сұрау</p> <p>Балаларды ғылым орталығына шақырып, аспан әлемінің макетін көрсету. Алдымен танитындарын атату. Құстар туралы айтып беру.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Құстардың қайсысы сендерге ұнады? Самолеттарды құстарға қарап жасағанын айту. Құстардың суретін салып, қағаздан жасап көреміз бе? сұрау. Сөйтіп орталықтарға бөлінейік деп ұсыну. Бірінші орталықта балалар құстың суретін саладырту, екінші орталықта</p>	<p>Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта баклашкадан немесе картон қазақтардан құс құрастыртқызу. (құрастыру) Екінші орталықта геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйретіп, топтағы құрастыру материалдарынан құстың ұясын ұжымдасып құратқызу. Жеке балаларға да қағаз бетінде геометриялық фигуралардан ұяшық құрастырғызу және жасағандарын әңгімелету. (математика негіздері және сөйлеуді дамыту)</p> <p>Құстар әніне музыка</p>	<p>Ғажайып қорапшадан көздерін жұмып заттар алуды ұсыну. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруін қалыптастыру (математика негіздері)</p> <p>Аспанды, бұлтты және ағаштары бар суретті көрсетіп не жетпейтінін сұрау. Балалар қалауы бойынша дайын құстарды желімдеп жапсырады немесе карандаштармен құстарды салады. (жапсыру және сурет салу)</p>	<p>Балаларды ұлттық бұрышқа алып бару. Ондағы заттарды атату. Құс қанат оюын көрсетіп таныстыру. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Құс қанат оюын бояту. Бояуды пайдаланғанда ұқыптылыққа тәрбиелеу. (сурет салу)</p>	<p>Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Ол затты тапқан бала ол туралы ән тақпақ немесе ойдан ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруін ұйымдастыру (көркем әдебиет)</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта өздері таңдаған заттың суретін салғызу (сурет салу)</p> <p>Екінші орталықта геометриялық пішіндерді танып, атап тапқан затпен сәкестендіргізу. «Кім тапқыр» ойынын ойнату. Ойын бойынша топтағы заттардан осы денелерге ұқсасын тапқызып жинату. (математика негіздері)</p>
--	--	---	---	---	---

	қағаздан бүктеп самолет жасату оны ұшыруын ұйымдастыру. (кұрастыру, сурет салу)	қосып сергіту сәтін жасату. (музыка)			
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру) Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Аулада аспанға қарату. Аспанда біз не көрдік? Құстар бар ма? Жұмбақ жасыру «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға баулу, балаларды	Айналаға қаратып көктемнің келгенін қалай байқауымызға болады деп көктемнің қандай белгілерін көріп тұрғандарын айтқызу. Аспанда құстарды көре аламыз ба? Олар қайда? деп сұрап өзіндік ойлану жағдайын жасау	Күнге қарату, бақылату. Күннің сәулесі түсіп тұрған ағаштарға өсімдіктерге назар аударту. Ой тұжырымын айтқызу. Өздерінің отырғызған өсімдіктеріне күтім жасату. Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға	Серуенге алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойындар ойнату. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша	Ағаштардың жапырақтарын бұтақтарын лупамен қарату, өсімдіктердің атауын атауды үйрету. (қоршаған ортамен танысу) Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.

	<p>қарапайым ережелерді сақтауға, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.</p>	<p>(қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Құстардың ұяларын көрсету. Олар туралы әңгімелесу (көркем әдебиет)</p> <p>Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді жалғастыру.</p>	<p>үйрету. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Кітаптарды қарап, құстар туралы білетіндерін айтқызу. «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін айтып беру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қимылды ойын: «Кім жылдам»</p>	<p>биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуін дамыту (математика негіздері)</p> <p>Табиғи заттардан құс қанатын құрастыруды үйрету. (құрастыру)</p> <p>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыка сүйемелдеуі арқылы орындату (музыка)</p>	<p>(сурет салу)</p> <p>Қимылды ойын «Кешікпе»</p> <p>Сурет бойынша «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін балаларға айтқызу. (сөйлеуді дамыту)</p>
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айтқызу және т.б. жаттату. (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).</p>				
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				

Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ай мен жұлдыз туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балаларды кітап орталығына жинап, құстардың суреттерін қарату. Олардың не білгендері туралы сұрау. артикуляциялық аппаратты дамыту. Ермексаздан құстарға жем жасату. (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу) Балаларға ғажайып қоржынмен ойынды ұсыну. Балалар ғажайып қоржынан әр түрлі пішіндерді	Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Қағаздан және ермексаздан аққу жасауды ұсыну. «Аққуды атпа, досыңды сатпа.» Мақалды жаттату. (мүсіндеу және жапсыру)	«Ұсқынсыз үйрек» мультфильмін көру. Өз ойларын айтқызуды үйрету. «Құстар ұшады» ойынын ойнау. (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта ермексаздан үйрек жасату. мүсіндеу) Екінші орталықта «оригами» үлгісі бойынша үйрек	«Құстар біздің досымыз» тақырыбында суреттер қарату. Оларға қалай қамқорлық таныту керектігін суреттер арқылы көрсету. Топтағы құстарға жем және су беру. (қоршаған ортамен танысу) Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың дербес шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру. Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайта жасауға мүмкіндік беру. (мүсіндеу) (жапсыру) (құрастыру) Ұнатып айтатын

	қолымен сипап сезу арқылы зерттеуін ұйымдастыру (математика негіздері)		пішінін құрастыруға ынталандыру. (құрастыру)	әрекеттер ұйымдастыру. (мүсіндеу) «Құстар шеруі» тақырыбында ұжымдық жұмыс. Желімдеудің техникасын үйрету: Желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды үйрету. (жапсыру)	әндерін билерін пысықтау. (музыка)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтар алып шығу. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ				

	моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Трамвай» Балаларға дайын құстар бейнесін ұсынып, оларды үйлестіріп ләпбукта жапсыруды жасату. (жапсыру)	Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Бормен дербес шығармашылық жұмысын ұйымдастыру. (Сурет салу)	Қимылды ойын «Трамвай» Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)	Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру (көркем әдебиет) Еркін ойындар	Қимылды ойын «Хан талапай»
Балалардың үйге қайтуы	Құстар әлемі туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстыру.				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш
Ахметова
Шамшиева А. А
Ормибасарова Д.

Сәуір айы 2023 жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 10.04.2023	Сейсенбі 11.04.2023	Сәрсенбі 12.04.2023	Бейсенбі 13.04.2023	Жұма 14.04.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың мінезі туралы анықтамалық ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, (сөйлеуді дамыту) Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)				
Танертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар бір біріне бүгін қандай әдемі болып тұрғанын сипаттап айтады. Қазақстанның ғарышкерлері туралы не білетінін сұрау? Олар туралы не білгісі келетінін анықтау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

	Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу.	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру	Музыка
	Баяғы заманда адамдар жер бетін төрт бұрышты деп ойлаған. Көп адамдар жердің шетін тауып сол жерге барып жердің шетінде не бар екенін көргісі келген. Атпен немесе жаяу жолға шығып көп жер жүріп, суға тірелген. Кейбіреулер кемеге мініп ары қарай жүрген. Соңында қайта айналып өзінің шыққан жеріне келіп, адамдар жердің шар тәрізді екенін білген. Содан соң олар ғарыш әлемін зерттей	Балаларды кітап орталығына шақырып, ғарышкерлердің суреттері бар кітапты қарап шығуын ұйымдастыру. Ғарышкерлердің есімдерін атау. Тоқтар Әубәкіровтың үлкендеу суретін көрсетіп, ғарышкер туралы айтып таныстыру. Сосын балаларды орталықтарға бөлу (көркем әдебиет) Зымыранның суретін бояту. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен	Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды менгерту. Ғарышкер ұшты ғарышқа. Ғарышқа ұшты ғарышкер. Айтшы, ғарыш алыс па? (сөйлеуді дамыту) Алғашқы Қазақстандық ғарышкер кім еді? Ал әлем бойынша ғарышқа алғаш ұшқан кім екенін білесіңдер ме? Ғарышқа бірінші болып ұшқан орыс ғарышкер иттері Белка мен Стрелка болды.	Балалардан сұрау қалай ойлайсындар, қыздар ғарышкер бола ала ма? Әлемдегі алғашқы әйел ғарышкер-Валентина Владимировна Терешкова. Балалар ғарыш әлемінде адамдар тамақ ішеді ма? Қалай тамақтанады? Қандай тамақтарды ғарышқа алып баруға болады? суреттер қарап әңгіме құрастыру (көркем әдебиет) Әр түрлі азық түлік заттардан жиын жасату, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,	Ләпбуктан ғарыш туралы көрсету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (сөйлеуді дамыту) Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Карточкаларға сәйкес фигураларды қойып шығуды ұйымдастыру. (математика негіздері)

	<p>бастаған деп ғарыш әлемінің макетін көрсетіп не білетіндерін сұрау, әңгімелету. Осы ғарышқа немен барамыз? Ғарыш кемесін кім басқарады? Ғарышкерлер қандай болады? Әңгімелету. (көркем әдебиет)</p> <p>Ғарышкерлер туралы фильм көрсету, оның көрікті жерлері, қала өмірінің ерекшеліктері туралы айту. Ғарышкерлер қаласы екенін түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Балаларға ғарыш кемесін құрастыру құралдарынан құрастыруды және Байқоңыр қаласының суретін салуды ұсыну. Балаларды орталықтарға бөліп</p>	<p>олардың реңктерін дұрыс (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту. (сурет салу)</p> <p>екінші орталықта балалар ғарыш кемесінің неше бөліктен тұратынын анықтап, табиғи қалдық заттардан ермексаздан құрастырғызу. (Мүсіндеу)</p>	<p>Ғарышқа ұшқан және Жерге аман-есен оралған алғашқы жануарлар. Олардың ұшуы 25 сағаттан астам уақытқа созылды, осы уақыт ішінде Кеме жерді 17 рет айналып өтті.</p> <p>Аспандағы жұлдыздар үлкен және кішкентай болатынын көріп келіпті. Біздің ғажайып сандықтан көптеген жұлдыздар шығады оларды салыстырып ойнайық.</p> <p>Карточалармен жұмыс. Жұлдыздарды сәйкестендіру. (математика негіздері)</p>	<p>заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. (математика негіздері)</p>	
--	--	--	---	---	--

	жұмыс жасату. (кұрастыру және сурет салу)				
Серуенге дайындық	<p>Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Ауа райын бақылап, күннің райын айта білуді қалыптастыру. Құстарға жем беру, өсімдіктерге гүлдерге күтім жасату. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол. (математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын «Шымшықтар мен</p>	<p>Батырлар қандай болады? Батыр болу үшін не істеу керек? сұрақтарына балалардан жауап сұрау (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Шынығу керек деп бірнеше жаттығу жасап қимылды ойындар ойнату. «Жалауға қарай жүгір» қимылды ойын ұйымдастыру</p>	<p>Ауа райын бақылау. Гүлдерге ағаштарға сұқю. Тазалық жұмыстарын жасату. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу; оңға, солға бұрылуды менгерту.</p> <p>Асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p>	<p>Балаларға ғарышта сонымен қатар жатпланеталықтарда болатынын айту. «Томпақ» фильмінің бір бөлімін көрсету. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»</p> <p>Алдын жаттаған әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка)</p>	<p>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру Қимылды ойын</p> <p>Ауа райын бақылату. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, кемпірқосақ) кеңейту. (қоршаған ортамен танысу)</p>

	мысық» Дербес ойындар. доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен		(сурет салу)		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар таңдаған ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сұрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Ғарышкер мен оның командасын не істейді суреттерге қарап әңгімелету. Зымыран, ғарышкер, аспан, ай жұлдызды танып атауын ұйымдастыру. Дидактикалық ойын «Сәйкесін тап» (сөйлеуді дамыту) Ғарыш кемесін ұлттық нақышта сәндеп көруді және ермексаздан ғарышкердің бас киімін жасап көруді ұсыну. Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу. Бір орталықта ермексаздан бас киім жасату (мүсіндеу) Екінші орталықта элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін	Балаларға ғарышкер болуды ұсыну. Біз алыс планеталарға ұшу үшін ғарыш кемесіне барамыз. Ғарышкерлер ұшар алдында ұзақ уақыт бойы жерде жаттығады, әртүрлі сынақтардан өтеді. Қалай шынығу керектігін айтып, балалардың ұсынысы бойынша жаттығулар жасату. Тапсырманы орындап болған соң өз қалаулары бойынша ғарыш кемесін жасап, ұшу. Ғарышкер болып ойнау. (сөйлеуді дамыту және дене шынықтыру)	Балалар бүгін космонавттар күні. Бұл күні ғарышқа алғаш Юрий Алексеевич Гагарин атты адам ұшқан. Оған батыр атағы берілген. Арнайы үлкен қорабтардан жасалған зымран ішіне кіріп ойнауын ұйымдастыру, дербес шығармашылық әрекеттеріне жағдай жасау. (мүсіндеу, жапсыру)	«Мен ғарышкер боламын» <i>Ж. Смақов</i> <i>Жаттауын жаттау.</i> Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын... Мен ғарышкер боламын. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Баларады орталықтарға бөлу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. (жапсыру)	Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылау. Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөлу. сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді, Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату (музыка)

	ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, ғарыш кемесін безендіру (жапсыру) Ортаға жиналып көңілді ән ортындап, би билету. (музыка)				
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан әр түрлі заттарды көрмей, ұстап сезу арқылы табу.	Қимылды ойын «Сақина жасыру» Балабақша ауласына ұшып келген құстарды санау, салыстыру. (математика негіздері)	Құмнан зымыран жасау. (кұрастыру) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Ханталапай» Құмда таяқшалармен еркін тақырыпта сурет	Қимылды ойын «Сақина жасыру.» Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. (кұрастыру)

	Еркін ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту	Қимылды ойын «арқан тарту»		салуын ұйымдастыру (сурет салу)	
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

Тәрбиешілер:

Әдіскер:

Шамш
Ахмедов
Шамшиева А. А
Ахмедова А. А
Ормибасарова Д.

Сәуір айы 2023 жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 17.04.2023	Сейсенбі 18.04.2023	Сәрсенбі 19.04.2023	Бейсенбі 20.04.2023	Жұма 21.04.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, оны жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) Балармен жеке жұмыс. Бақылау к үнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.				
Таңертеңгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайырту. «Бата» жаттауға баулу(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріндерші? Көктемде не жауады? Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Жер ана туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуға баулу. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Қазақ тілі</p>	<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Музыка</p>
	<p>Көктемнің екінші айы сәуір екенін. «Сәуір болмай тәуір болмайды» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Табиғаттағы өзгерістер. Қызғалдақ, бәйшешек, наркес гүлдері туралы ақпарат беру. Топтағы гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып,</p>	<p>Ғажайып қорапшадан қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығарылады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын айтып беруді үйрету. Әшекей заттардан гүлдердің бейнесін табу. Сан есімдерді</p>	<p>Топтағы күн тәртібі бейнеленген тақтаға назарларын аудару. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Жеке қима суреттер арқылы анықтату. (математика негіздері) «Қара жорға» әнін</p>	<p>Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. (сөйлеуді дамыту) Құмда сурет салу. (сурет салу)</p>	<p>Қайырлы таң, балалар! Арайланып таң атты, Алтын шапақ таратты, Қайырлы таң, балалар! Тақпағын жаттату Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету.</p>

	<p>топтағы гүлдерге күтім жасату. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Балаларды екі гүлге сәйкес топтарға бөлу. Ал екінші орталық гүлдер бағын құрастырады. Бірінші топ гүлдерді қағаздан жасату. (кұрастыру, жапсыру)</p>	<p>ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p> <p>Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салдыру, бояту (сурет салу)</p>	<p>айтқызу, би қимылдарын қамшымен жасату. (музыка)</p>		<p>Жеке балалармен үстелде ойыншықтарды ойнату (сөйлеуді дамыту)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Балақаша ауласында қандай гүлдер бар екенін анықтату. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтату.</p>	<p>Жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Балабақша ауласындағы заттардың атқаратын қызметтерін түсінуін меңгерту (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар»</p>	<p>Ағаштың бұтақтарын жинап, үйшік құрастырту. (кұрастыру)</p> <p>Жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қимылды ойын</p>	<p>Ауа райын бақылату, Аулада өсіп тұрған Балабақша ауласында гүлдерді санату, танып еңбек әрекетін натауды, оларға күтім ұйымдастыру. Қанша жасауды жетілдіру. ағашқа, қанша гүлге Бормен олардың су құйғанын санату. суреттерін салдырту. (математика негіздері)</p> <p>Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» жел жаңбыр, найзағайдың дауыстарын тану,</p>	<p>Аулада өсіп тұрған гүлдерді санату, танып натауды, оларға күтім жасауды жетілдіру. Бормен олардың суреттерін салдырту. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу)</p> <p>Гүлдер күндіз өседі ме, әлде түнде өседі ме анықтату. (математика негіздері)</p>

	<p>(қоршаған ортамен танысу) Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері туралы ұғымдарын кеңейту. (математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын «Автобус»</p>		«Шымшықтар мен мысық»	атауды пысықтау. Қимылды ойын «Қояндар»	Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату (музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				

Бесін ас	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау Ермексаздан қызғалдақ жасату. (мүсіндеу) Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)	Балаларға әдебиет орталығында «Жалқау қыз» ертегісін оқып беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу (көркем әдебиет) Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндету, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық	Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларға дәндерді жапсырып құмыраны сәндету (мүсіндеу) Қыз балаларға кілемшені «қызғалдақ» оюларымен безендіруді үйрету. элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. (сурет салу) «Жалқау қыз» ертегісін сахналау. (көркем әдебиет)	Балбақша құрастыру. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденеңнен орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау. (құрастыру) Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдебиет кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан салыстырып бағалату	«Гүлдер саябағы» Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарату, ойнап болған соң оларды жинату және орнына қойғызу, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды менгерту. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. (құрастыру) Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды пысықтау. Кескішті қолдануды үйрету қызғалдақ гүлін мүсіндеуін ұйымдастыру. (мүсіндеу)

		композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. (мүсіндеу)		(көркем әдебиет)	
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Поезд» Құмда гүлдердің суретін салу. (сурет салу)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар» Құрылыс материалдарымен еркін ойындар (құрастыру)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»	Еркін ойындар Лэпбукке гүлдердің пішінін жапсыру. (жапсыру) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Оқып берген ертегілерді үйде қайталау.				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамал
Ахмед
Шамшиева А. А.
Ахметова А.
Ормибасарова Д.

Сәуір айы 2023 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 24.04.2023	Сейсенбі 25.04.2023	Сәрсенбі 26.04.2023	Бейсенбі 27.04.2023	Жұма 28.04.2023
Балаларды қабылдау	Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін, денсаулығын сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық».</p> <p>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.</p> <p>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасату, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру</p> <p>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. (қоршаған ортамен танысу)</p>				
Таңертеңгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау. (сөйлеуді дамыту)				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айтқызу. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Бір шаңырақ астында» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Қазақ тілі Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануды пысықтау.</p>	<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Музыка</p>
	<p>Гүлдер топырағы құрғап, ойыншықтар кірлеп қалғанын бақылатып оларды суарып топты жинап ретке келтіруді ұйымдастыру. Өсімдіктерге күтім жасауға баулуды жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу) «Әтеш пен бұлбұл» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізгі ойын баларға түсіндіру. (көркем әдебиет)</p>	<p>«Кім жылдам?» ойынын ойнату. Үстел үстіндегідей затпен бірдей немесе ұқсас заттарды жинату. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), байыту. Оларды салыстыруды дамыту (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) Ұжымдық жұмыс.</p>	<p>Балаларға көрші ел Ресей туралы ақпарат беру. Олардың ұлты орыс екенін және олардың ұлттық киімдерін көрсету, киіп би билетіп ән айтқызу. (көркем әдебиет, музыка) Орыс халқының ұлттық орамалына қарап, суретін бояту. Сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. (сурет салу).</p>	<p>Ғажайып қоржындағы ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қоржындағы ойыншықтарды шығару, балаларға топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасау. (математика негіздері) Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара</p>	<p>Тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту. Фильм арқылы көрсету. Тәй тәй әнін айтқызу. (сөйлеуді дамыту) Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, оң және сол. Үстел үстінде бағыттар белгіленген карточкалармен ойнату (математика негіздері)</p>

		Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексизден жасап жабыстырғызу. (мүсіндеу)		желімдеп, композиция құрастыруды үйрету (құрастыру)	
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.</p> <p>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды дамыту (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау) (қоршаған ортамен танысу)</p>				
Серуен	<p>Балабақша ауласындағы ағаштарды гүлдермен салыстыру. Үлкен кішісін анықтату. (математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын «Хан талапай»</p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Құмда таяқшамен сурет салуды</p>	<p>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Гүлдерді бояулармен салу. Қарапайым сюжеттік</p>	<p>Көктемгі ағаштарды бақылату. Балабақша ауласында өсетін кейбір көгөністер мен жемістердің түрін танып және атату, олар жайлы қарапайым түсініктерді қалыптастыру пысықтау. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»</p>	<p>«Полиция» ойынын естеріне түсіріп жол ережелерін пысықтап ойын ойнату. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастырту (құрастыру)</p> <p>Қимылды ойын «Өз түсінді тап»</p>	<p>Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. (көркем әдебиет)</p> <p>Табиғатты бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылдауы, ұя салуы, балапан</p>

	ұйымдастыру (сурет салу)	композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыруды дамыту (сурет салу) Қимылды ойын «Поезд»			шығаруы жайлы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Трамвай»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындату : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Ереже айту. (сөйлеуді дамыту) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Өртүрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				

	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптар қарату. Танымал ертегі кейіпін жасату. (сөйлеуді дамыту) Балаларды екі топқа бөліп ермексизден әр балаға бір адам пішінін жасату Екінші топта қағаздан әр бала адам сұлбасын адамдардың қолдарын ұстатып қосып жапсырту. (мүсіндеу, жапсыру) «Достық» туралы жаттаған әнін айтқызу (музыка)	Халықтар достығы дегеніміз не? басқа ұлт өкілдерін қалай танымыз? Суреттер арқылы әңгімелесу. (көркем әдебиет) Балаларды орталықтарға бөліп Әр түрлі ұлттың халық әндерін тыңдатып, би билету. (музыка) Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету. (жапсыру)	Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Жиын жасату. (математика негіздері) «Үш аю» орыс халық ертегісін оқып беру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру (мүсіндеу) Конструктордан үйшік құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)	Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру) Танымал ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттері. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздеріне ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Еркін ойындар Табиғи заттардан құрылымдар құрастыру. (Құрастыру) Қимылды ойын «Жоғары лақтыр»	Қимылды ойын «Шеңберге түсір»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Поезд»	Еркін ойындар Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш
Ахмедов
Шамшиева А. А
Ахмедова
Ормибасарова Д.

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Сәуір айы (жалаушалармен)

I. Жүру, аяқтың ұшымен журу, жүгіру, қолдарын жанына созып жүру, жүгіру, жүру, екі қатарға тұру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулар:

1. Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.

1-қолды жоғары көтеру, 2-қолды оңға сермеу, 3-солға сермеу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау

2. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен.

1-оң қолды көтеріп, солға иілу, 2-бастапқы қалып, 3-сол қолды көтеріп оңға иілу, 4-бастапқы қалып, 4-5 рет.

3. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен. 1-қолды алға созу, 2-отыру, 3-тұру,

4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

4. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық қолдар жанында.

1-оң қолды жоғары көтеру, 2-түсіру, 3-сол қолды жоғары көтеру, 4-бастапқы қалыпқа келу. 4-5 рет қайталау.

III. Еркін тыныс алу жаттығулары.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Қоян мен қасқыр (*Тәрбиеші балалармен бірге*)

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

Тырналар-тырналар

(*Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады*)

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болыңдар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

Тышқандар мен мысық.

Балалар — тышқандар.

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған

орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Шыбыққа қалпақ кигізу

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.

Өз түсіңді тап.

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменін әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз түсіңді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанады. (5-6 рет)

Ақ доп, қызыл доп

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

Поезд

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакындап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдср, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

«Допты дәлдеп лақтыр»

Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға (дөңгелекке) лақтырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

«Күміс алу»

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына

кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

«Не жедің, тауып айт»

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу. Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау. Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою. Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

«Торғайлар мен автомобиль»

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

Құстардың ұшып келуі

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш.

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: -ортанғы саусағымды тапшы,- дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне,- деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі: басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 с аусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.

Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар
Сен тұр сиырыңа бар
Сен кішкентай әлі жас екенсің
Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.
Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:
Қуыр-қуыр ,қуырмаш
Балапанға бидай шаш
Әжең келсе есік аш
Қасқыр келсе мықтап бас
Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:
Мына жерде қой бар
Мына жерде жылқы бар
Мына жерде жылқы бар
Мына жерде түлкі бар
- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

Дидактикалық ойындар картотекасы

«Өзара айырмашылығын тап»

1. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

2. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.

Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.

Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

«Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: үй есіктерінің суреттері.

Мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

«Вагондарға дөңгелек таңдау»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.

Құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.

« Жұбын тап»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.

Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.

«Әдемі кілемшелер»

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

Ертегілер

Жалқау қыз

(башқұрт ертегісі)

Баяғыда әжесі мен оның немере қызы болыпты. Әжесінің қартайғаны сонша, ештеңе істей де алмапты. Ал немере қызы тіпті жалқау екен. Кемпір жылдан жылға қартайып, қажы беріпті. Көктемнен аман-есен шыққан соң ол: «Тамақ керек, жұрттың бәрі, әне, егін егіп жатыр, біздің де бірдеңе сепкеніміз жөн»,– деп ойлайды. Ол осы ойын немересіне айтады.

Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Поезд» Құмда кеменің суретін салғызу. (сурет салу)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар» Ләпбукте құрылыс құралдары мен заттардың сәйестігін тауып сәйкестендіріп жапсырту (жапсыру)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»	Еркін ойындар Қағаздан гүлдердің пішінін жасату. (жапсыру) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»

Балалардың үйге қайтуы

Оқып берген ертегілерді үйде қайталау. Бейбітшілік туралы әңгімелесуді ұсыну.

Тәрбиешілер:

Әдіскер:

Шамш
Ахмед
Шамшиева А. А
Ахмедова А
Орпнбасарова Д.

Мамыр айы 2023 жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 29.05.2023	Сейсенбі 30.05.2023	Сәрсенбі 31.05.2023		
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың мінезі туралы анықтамалық ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)	Шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Пазлдармен үстел үсті ойындарын ойнату. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?». Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуға баулу. (қазақ тілі)	Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптарды қарату кезінде. сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйретуді жетілдіру (сөйлеуді дамыту)		
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар бір біріне бүгін қандай әдемі болып тұрғанын сипаттап айтады. «Жазбен көктем мезгілі» туралы не білетіндерін сұрау. Олар туралы не білгісі келетінін анықтау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p align="center">Қазақ тілі</p> <p>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p>	<p align="center">Дене шынықтыру</p>	<p align="center">Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша</p>	<p align="center">Дене шынықтыру</p>	<p align="center">Музыка</p>
	Көктем мен жаздың айырмашылығын қалай білуге болатыны жайлы	«Кітап» орталығында жаз мезгілінің суреттері бар кітапты қарап шығуна жағдай жасау.	Су жағасында шомылып жатқан балалардың суреттерін көрсету. Балалардың сурет		

	<p>әңгімелету. Жайдары жаз әңгімесін оқып беру. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталату (көркем әдебиет)</p> <p>Көктем мен жаз туралы суреттерді қарату. ерекшеліктерін танып, атауын үйрету. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Балаларды екі орталыққа бөліп, бірінші «Ашық алаң» орталығында жазғы ойын алаңын құрастыруды орындауды, екінші «өнер» орталығында жайдары жаздың суретін салғызу (құрастыру және сурет салу)</p>	<p>Ә.Ахметов Тақпағын жаттату Жаз еді Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. (көркем әдебиет)</p> <p>«Өнер» орталығында екі шағын топқа бөлу Бірінші топ балаларына көбелектің суретін бояту (сурет салу)</p> <p>Ал екінші топтағыларға көбелекті мүсіндету (Мүсіндеу)</p>	<p>бойынша әңгіме жүргізуін дамыту. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды үйрету. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Суға қай кезде түсуге болады. Күн тәртібінде көрсетілген кестемен жұмыс жасату. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауын дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке (математика негіздері)</p>		
--	---	--	--	--	--

Серуенге дайындық	<p>Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Балабақша ауласында өсетін гүлдерді бақылату. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуді жетілдіру. (математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»</p>	<p>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>«Жалауға қарай жүгір» қимылды ойын.</p>	<p>Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> <p>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Балабақша ауласындағы бассейнмен таныстыру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»</p>		
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыларып пысықтау. Асықпай бір-бірін итермей жүруді қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).</p>				

Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Ас қайырып бата беруді дамыту. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар таңдаған ертегіні оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, жинауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Әдебиет» орталығында «Гүлдер таласы» ертегісін сахналауды жетілдіру. (сөйлеуді дамыту) «Өнер» орталығында балаларды екі шағын топқа бөлу. Бірінші топ балаларына	Кітаптан ертегілер оқып беру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.	«Жаз еді» Ә.Ахметов Жаттауын жаттату. Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. (көркем әдебиет) «Өнер» орталығында балаларға шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру.		

	<p>гүлдерді ермексаздан жасату. (мүсіндеу)</p> <p>Екінші топ балаларына ұлттық ою-өрнек элементтерінің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтаумен пішінін ескере қолданып, кілемшені безендіру дағдысын дамыту (жапсыру)</p> <p>Ортаға «Ашық алаңға» жиналып көңілді ән орындатып би билету. (музыка)</p>	(сөйлеуді дамыту)	(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)		
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				

Серуен	<p>Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан әр түрлі заттарды көрмей, ұстап сезу арқылы табу.</p> <p>Еркін ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту</p> <p>Қимылды ойын «Хан талапай»</p>	<p>Қимылды ойын «Сақина жасыру.» Балабақша ауласына ұшып келген көбелектерді санату, салыстыру. Көбелек қанаттарын әр түрлі заттармен безендіріп жасату</p> <p>(математика негіздері және жапсыру)</p> <p>Қимылды ойын «Арқан тарту»</p>	Құмнан бассейн жасау. (құрастыру)		
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Мамыр айы (ленталармен)

I. Шеңбер болып, тізбектеліп жүру, әр-түрлі бағытта журу, жүгіру, жәй жүріп, шеңбер болып тұру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулар:

1. Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.

1-қолды жоғары көтеріп, сермеу, 2-бастапқы қалыпқа оралу, 4-5 рет

2. Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.

1-қолды алға созу, 2-отыру, 3-бастапқы қалыпқа оралу, 4-5 рет

3. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол төменде.

1- отыру, 2-тізені қапсыра құшақтау, 3-тұру, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

4. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол төменде. Аяқты алмастырып секіру. 7-8 сек.

III. Еркін тыныс алу жаттығулары.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Қоян мен қасқыр (*Тәрбиеші балалармен бірге*)

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

Тырналар-тырналар

(*Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады*)

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болыңдар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады.

Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

Тышқандар мен мысық.

Балалар — тышқандар.

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Шыбыққа қалпақ кигізу

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.

Өз түсінді тап.

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменін әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз түсінді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанады. (5-6 рет)

Ақ доп, қызыл доп

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

Поезд

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакындап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдср, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

«Допты дәлдеп лақтыр»

Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға (дөңгелекке) лақтырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

«Күміс алу»

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

«Не жедің, тауып айт»

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау.Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

«Торғайлар мен автомобиль»

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

Құстардың ұшып келуі

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде

қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш.

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: -ортанғы саусағымды тапшы,-дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі.: басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 с аусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.

Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар

Сен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр ,қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:

Мына жерде қой бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

Ертегілер

Атасының ақылы

—Төкенмен келісе алмай қалушы едің, қазір араларыңнан қыл өтпейтін болыпты ғой, Еркінім?! - деді бірде атасы.

— «Қыл өтпейді» дегенді түсінбедім, ата? - деп таңырқады немересі.

— «Тату-тәтті дос болыпсың» дегенім ғой.

— Кездескен сайын кәмпит берсе, онымен кім дос болмайды!

—Мен ешкіммен тамақ үшін дос болып көргенім жоқ, балам. Достықтың тамыры тереңде. Адал, ақылды балалармен дос бол! Адамға жақсылық жасаудың өзің бақыт санайтын адамдармен ғана дос бол! - деді атасы сонда.

С. Сейтенов

Жаман жолдас

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екікісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп

тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

- Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті? Ауру айтты дейді:

- Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.

БІ. Алтынсарин

Торғай мен көбелек

Балабақша ауласында қызыл, сары, ақ гүлдер өскен әп-әдемі гүлзар бар еді.

Сонда бір теңбіл қанат ақ көбелек гүлден-гүлге қонып, шырын сорып жүрген.

Оны бір қу торғай көре қалды да, ұстап жегісі келіп, қуа жөнелді.

Көбелек гүлзар үстінде жоғары-төмен, оңға-солға бұлтарып қаша берді, қаша берді.

Торғай да қыр соңынан қалмай, қанаты пыр-пырлап қуа берді, қуа берді.

Жанталасқан көбелек бір гүлге барып қорғалып еді, қу торғай оны қақшып кете жаздады. Одан тағы да қайта ұшып, әрлі-берлі бұлтақтай қашып жөнелді.

Біреуі аз болғандай, енді оған екінші торғай келіп шүйілді. Екеуі пыр-пыр етіп таласа кеп қуды. Бір торғайдың қанаты қағып, біреуінің тұмсығы да тиіп өтті.

Міне, осы қиын сәтте ақ көбелек сонда жүрген бір кішкентай қыздың көйлегіндегі гүлге барып қона қалды.

Содан мысы құрыған екі торғай енді оған жуый алмай, жай-жайынакетісті.

Ақ көбелек болса қайтадан гүлзарға барып, гүлден-гүлге қонып, тағы да шырын сора бастады.

Т. Жексенбай

Гүлдер таласы

(ертегі)

Бағзы ерте заманда өсімдіктер патшалығында Қызғалдақ, Раушан гүлі, Бақытгүлі өмір сүріп жатады.

Күндердің бір күнінде үшеуінің арасында

«Қайсымыз жаз мезгілінде гүлдеуге лайықпыз?» - деген талас туады. Сонда шыдамсыздау Қызғалдақ бәрінен бұрын:

- Мен гүлдеймін жазда, - дейді.

Осы кезде тікенектері тікірейіп, жан-жағына тәкәппарлана қараған Раушан гүлі:

- Жоқ, жазда мен гүлдеуім керек! Менің өте жақсы жұпар иісім бар, - дейді.

Сабыр сақтап тұрған, шыдамды Бақытгүлі ең соңында баяу үнмен:

- Менің де жаз мезгілінде гүлдегім келеді, - деп өтінеді.

Бәрін сырттай бақылып тұрған, көп жыл жасаған Шырша былай дейді:

- Табиғаттың әр мезгілі өзінше ерекше сондықтан сендер былай істендер! – деп ақылын айтады.

- Қызғалдақ, сен суыққа төзімдісің. Сол себепті көктем мезгілінде гүлдеуің керек.

- Ал сен Раушан гүлі, жаздың аптап ыстығына төзе білесің. Сағаншыдамдылық танытып, қапырық күн астында жаздай гүлдеуіңе тура келеді.

- Бақытгүлі, саған сабырлы қалпыңнан айнымай, күз басталғаннан қар түскенге дейін гүлдеген жарасады. Өзге гүлдің бәрі қурап, жер бетінен жоғалғанда сен ғана өз сұлулығыңмен жұрттың көзін тамсандырып, мейірім нұрын шашып тұратын боласың! – дейді.

- Ал мен сендермен таласпай-ақ, жыл он екі ай жасыл қалпымда тұра берейін, - деп Шырша өзіне келгенде табиғат сыйын көбірек алады.

- Содан бері көктем шыға даланы Қызғалдпқ басып, бірақ сәл өкпесі бар болғандықтан аз уақыт гүлдеп жоғалып кететін көрінеді.

- Ал, Раушан гүлі күн нұрына малынып, ала жаздай ұзақ гүлдеп тұратын болыпты. Бақытгүлі болса гүлдеу мезгілін көп күтіп, күздің алғашқы күнінен қар жауғанға дейін гүлдеп, басқа гүлдерді жоқтатпай тұрады екен.

- Өзінің тапқырлығына риза болған Шырша, көктемде Қызғалдақтың әдемілігіне сүйсініп, жаз бойы Раушанның хош иісінен қуат алып, күздей әр түсті Бақытгүлінің көркіне қызығып, қысы-жазы жасыл түсті болып ғұмыр кешеді екен.

Г. Құлжабаева

Мамыр айы 2023 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 01.05.2023	Сейсенбі 02.05.2023	Сәрсенбі 03.05.2023	Бейсенбі 04.05.2023	Жұма 05.05.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды ыстық мейірімен қарсы алу. Жылы амандасумен оң көңіл күй дағдыларын жетілдіру. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Топқа лабиринт жолымен жүріп, дұрыс жолды тауып, өтуін тапсыру. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың шығармашылық дағдыларының даму деңгейлері туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар).	Өнер орталығында сурет салу , суретті карточкаларды бояу, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу	Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекетін ұйымдастыру
Таңертеңгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) пайдасы туралы түсінікті кеңейту.				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жуу дағдысын пысықтау. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері (балалардың сүйкімді мінездері туралы айту) Балалардың сезінген әсерлерімен, жаңалықтармен бөлісу. Көктемгі көңіл күйлері қалай екенін сұрау? «Достық туралы не біледі? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша
	Балалармен кеше қандай мерекені тойлағандығы жайлы әңгімелесу. Олардың барлығы бір бірімен доспа? Сұрау. Топтағы ойыншықтар бір бірімен дос па? деп сұрау. Ендеше ойыншықтар тұратын достар қалашығын құрылыс материалдарынан, «лего»	Балалармен кеше қандай мерекені тойлағандығы жайлы әңгімелесу. Олардың барлығы бір бірімен доспа? Сұрау. Топтағы ойыншықтар бір бірімен дос па? деп сұрау. Ендеше ойыншықтар тұратын достар қалашығын құрылыс материалдарынан, «лего»	Ғажайып қоржынна түрлі жануарлардың ойыншықтарын шығару. Оларды сызықтың бойына тең етіп қойып жайғастыруын ұйымдастыру. Әр жануардың досын тапқызу. (математика негіздері) Достардың қасына дайын пішіндегі жануарларды жапсырту	Кітап орталығында ж «Жаман жолдас» әңгімесін оқып беру. Өз бетінше қайталап айтуын, сахналауын ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту) Аюдың суретін бояу. (сурет салу)	Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін тапқызу. Ол затты тапқан балаға топтан сыңарын тапқызу (көркем әдебиет) Сергіту сәті Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта «Біз достарымызбен келетін балабақша» тақырыбында сурет

		<p>конструкторлардан құрастырайық деп құрату (құрастыру) Не құрастырып жатқандары жайлы бір біріне айтып, оның қандай болатыны, ол жерде не істейтінін айтып отыруына жағдай жасау. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Достар әнін қосып сергіту сәтін жасату. (музыка)</p>	(жапсыру)		<p>салдырту. (сурет салу)</p> <p>Екінші орталықта «Кім тапқыр» ойынын ойнату. Топтағы осы геометриялық фигураларға ұқсас заттарды көп етіп табуға ынталандыру. (математика негіздері)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру)</p> <p>Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен		Айналаға зейінмен қаратып, көктемнің	Ауа райын бақылату. Желдің бар жоғын	Алып шыққан ойыншықтармен	Ағаштардың жапырақтарын

	<p>қандай белгілерін көріп тұрғаны жайлы сұрау. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Балаларға қалаулары бойынша бормен ойдан сурет салуды ұсыну. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелету, (Сурет салу)</p> <p>Спорттық жаттығулар: Аулада үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p>	<p>анықтату. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу) «Жылдам жаса» ойынын ойнату. Ойын барысында етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету(отыр, жүр, жүгір). Балалардың бірі отыр, жүр, жүгір дегенді ретімен ауысытып айтады. Балалар орындайды. Дұрыс жасамаған бала ән немесе тақпақ айтып айыбын өтеп беруіне жағдай жасау (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қимылды ойын: «Кім жылдам»</p>	<p>жеке және топтық ойын теңестіру дағдыларын дамыту (математика негіздері)</p> <p>Балабақша ауласындағы табиғи заттардан үйшік құрастыру. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. (құрастыру)</p> <p>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыка сүйемелдеуімен орындату (музыка)</p>	<p>бұтақтарын лупамен қарату. Балбақша ауласында өсетін кейбір көгөністер мен жемістердің түрін тану және атау, қарапайым түсініктерді қалыптастыруды пысықтау. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Кешікпе» Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету.</p> <p>Сурет бойынша «Жаман жолдас» ертегісін балаларға айтқызу. (сөйлеуді дамыту)</p>
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта қиетін аяқ			

	киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айту және т.б. жаттату. (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындату: қолды дұрыс жууды, өз орамалының орнын білуін, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, аузына тамақ толтырып сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюын қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды қалыптастыру. Өз төсек орнын тауып жату дағдысын бекіту. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу барысында балаларға достық туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қойып тыңдап тынығуына жағдай жасау (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүргізу. Тыныс алу жолдарын жаттығулар жасатып, шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киінуді, түймелерін қадауды, сырмаларын сыруды, аяқ киімдерін дұрыс киюді пысықтау. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жууды, құрғатып сүртуді, сүлгіні өз орнына іліп қоюды жетілдіріп бекіту (Мәдени-гигиеналық дағдылар).
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>		<p>Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. ермексаздан топтағы ойыншықтардың мүсіндерін жасауды ұсыну. (доп, шар және т.б) (мүсіндеу)</p> <p>Қағаздан үйшік жасау. Дайындалған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыруды және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. жапсыру)</p> <p>Жасаған заттарын ортадағы үстел үстіне қою. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен</p>	<p>Кітап орталығында «Үш торай» ертегісін оқып беру. Естеріне түсіру. (көркем әдебиет)</p> <p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Ермексаздан достардың ойыншықтарын жасату. мүсіндеу)</p> <p>Екінші орталықта гүлдердің пішінін құрастыруға ынталандыру. (құрастыру)</p>	<p>Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру. Ермексазды алақанда есу дағдыларын жетілдіру. (мүсіндеу)</p> <p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды дамыту. (жапсыру)</p>	<p>Ұнатып айтатын әндерін, билейтін билерін қайталатып пысықтау. (музыка)</p> <p>Балабақша ғимаратын құрастырғызу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. (құрастыру)</p>
---	--	---	---	---	---

		қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. (математика негіздері)			
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтарды алып шығу. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен		Достық туралы суреттерді кітаптан қарату, оларды әңгімелеу, танитын кейіпкерлердің іс әрекетін сахналау. (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Мысық пен	Қимылды ойын «Трамвай» Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)	Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. Суреттер бойынша әңгімелесу (көркем әдебиет) Еркін ойындар. кеңістікті бағдарлауға, «жүгір»,	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың дербес шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру. Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайта жасауға мүмкіндік беру.

		тышқан»		«ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету	(мүсіндеу) (жапсыру) Қимылды ойын «Хан талапай»
Балалардың үйге қайтуы	Балаларға «Достық» туралы әңгімелесуді ұсыну. Қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну.				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш
Ахмед
Шамшиева А. А
Ахмедова А. А
Ормбасарова Д.

Мамыр айы 2023 жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 08.05.2023	Сейсенбі 09.05.2023	Сәрсенбі 10.05.2023	Бейсенбі 11.05.2023	Жұма 12.05.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) . Балабақшаға дүкеннен зат алып келмеу керектігін түсіндіру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың мінезі құлқындағы өзгерістер туралы анықтамалық ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)			Дидактикалық ойын: «Сикырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту.	Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету.	Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)
Танертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған танертеңгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыка сүйемелдеуімен орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				

	Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнау дағдысын дамыту. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балаларға бір біріне бүгін қандай әдемі болып тұрғанын сипаттап айтқызу. Қазақ батырлары туралы не білетінін сұрау? Олар туралы не білгісі келетінін анықтау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қазақ тілі Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсетебілуге мүмкіндік беру.	Дене шынықтыру	Музыка
			Балалар демалыс күндері біз қандай мереке тойланғаны жайлы сұрау. Батырлар мен әскерлердің суретін көрсету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: Отан қорғаушылар,	Қыздар сарбаз бола ала ма?, деп әңгәме бастау Мәншүк Мәметова, Алия Молдагулова, Хиуаз Доспанова және т.б фото суреттерін көрсетіп. Олар туралы айтып беру. (көркем әдебиет)	Кітаптардан Қазақстан республикасының әскерді туралы суреттер көрсетіп ақпарат беру. «Сарбаз» тақпағын айту, «Сарбаз» әнін қайталап айтқызу. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д,

			<p>Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Топта ойыншық әскерлерді қатарға тізіп қою санату.. Сызық бойына тізіп достарымен тең ету. Карточкалармен жұмыс. Сәйкестендіру ойынын ойнату (математика негіздері)</p>	<p>Топтағы қуыршақтарды сарбаз секілді қатарға тұрғызу, санату. Оңға солға бұрып, команда орындату (математика негіздері)</p> <p>Сарбаздар туралы мультфильм көрсету, балалардың пікірін тыңдау.</p> <p>«Ән сал, сарбаз!» алдын жаттаған әнін дауыстап және төмен дауыспен айтуды ұйымдастыру (музыка)</p>	<p>ж-ш, с-з)дыбыстарды анық айту (сөйлеуді дамыту, музыка)</p> <p>«Ғажайып сандық» дидактикалық ойын. Сандықтан әр түрлі заттар шығартып, сипаттауда сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең) дамыту. Карточкалармен жұмысжасату. (математика негіздері)</p>
Серуенге дайындық	<p>Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен			Спорттық жаттығулар:	Қазіргі таңда полицияда да қыздар жұмыс	Қимылды ойын қимыл түрлерін өзгерте

			<p>Балабақша ауласында үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> <p>Сарбаз боламыз деп, қатарға тұру, оңға солға бұрылу дағдыларын бекіту.</p> <p>Қимылды ойындар. Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p>«Ән сал, сарбаз!» әнін балаларға айтқызу, қимылдар жасату. (музыка)</p> <p>Қимылды ойын «Арқан тарту»</p>	<p>жасайтынын айтып, таныстыру.</p> <p>Олардың қандай қызмет атқаратынын түсіндіру.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы балалардың білімдерін жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Ағаштардан автомат пистолет жасату (құрастыру)</p> <p>Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»</p>	<p>отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.</p> <p>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылату (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді жетілдіру.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Сарбаз болып командаларды орындатып ойнату.</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).</p>				

Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану.</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p> <p>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы айтып беру. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар таңдаған ертегіні оқып беру (көркем әдебиет)</p>				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	<p>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруд ұйымдастыруі.</p> <p>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі)</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуін жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.</p> <p>Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға және жинауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
Бесін ас	<p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)			<p>Сарбаз Қорғаған орман, тауын, көлін Қатардағы ол жауынгер. Шайқасар жаумен бетпе-бет Ол дағы өшпес жалынды ер. Балаларды тақпақтар мен шағын</p>	<p>«Сарбаз» тақпағын жаттау.Сөйлеуде дауыс қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Баларады орталықтарға бөлу. Дайын пішіндердің</p>	<p>Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылау. Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөлу. сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді,</p>

			өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. (көркем әдебиет) шығармашылық орталықта дербес шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру. Балалар қалаулары бойынша сарбаздардың суретін бояп, олардың қаруларын ермексаздан жасап, жеңіс туралы композиция жапсырады (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)	көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып алып композицияны құрастырып жапсыруға мүмкіндік беру. Еркін тақырыпта жұмыс. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. (жапсыру) (сурет салу)	Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату (музыка)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Реттілік сақтап киімдерін дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен			Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық	Еркін ойындар Ермексаздан сарбаздардың заттарын жасату. Оны ойыншық	Қимылды ойын «Сақина жасыру.» Өз бетінше ойдан

			қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. (құрастыру) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»	сарбаздардың қолына қыстырып қоюға мүмкіндік беру (мүсіндеу) Қимылды ойын «Ханталапай»	құрастыруға мүмкіндік беру. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. (құрастыру)
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу. Ата- анаға отбасында сарбаздар, батырлар туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш
Ахмедов
Шамшиева А. А
Ахметова А
Ормибасарова Д.

Мамыр айы 2023 жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 15.05.2023	Сейсенбі 16.05.2023	Сәрсенбі 17.05.2023	Бейсенбі 18.05.2023	Жұма 19.05.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандарының кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), оған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.	Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасату) Балармен жеке жұмыс.	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындарын ойнату. әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыруды пысықтау.	Дидактикалық ойын: «Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту,	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың, құстардың суреттерін қарату.

			(сөйлеуді дамыту және қоршаған ортамен танысу)		
Таңертеңгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Жыл мезгілі жайлы сұрақтарға жауап алу Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріндерші? Көктемде не жауады? Келесі жыл мезгілі қандай? Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Гүлдер туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка

	<p>білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, кұрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу)</p>				
<p>Көктемнің үшінші айы мамырда табиғаттағы өзгерістерді таныстыру. Қызғалдақ сирень және т.б гүлдері туралы ақпарат беру. Гүлдерді атату, сипаттату.</p> <p>Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Екі түрлі гүлдерге сәйкес балаларды топтарға бөлу. Бірінші орталықта гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату Екінші орталықта</p>	<p>Ғажайып қорапшадан су құйғыш, күрек, шелек шығадыБұл заттармен не істейміз деп сұару?</p> <p>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеуді дамыту.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> <p>Заттарды геометриялық пішіндерден жасату. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыруды пысықтау, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>	<p>Адасып келген Көктем ханшайымымен танысу Ол. балаларға себетке гүл теріп жүріп адасып қалғанын айтады. Балаларға өз үйіне қайтуға көмектесуін сұрайды. Балалар екі орталыққа бөлінеді. Бірінші орталықта ұлдар плакатқа гүлдердің суретін салса, екінші орталықта қыздар себеттегі гүлдерді қарап, танып атап, олар туралы не білетінін айтады. Көктем ханшайымына қағаздан гүл жасап ұсынады. Ал ол балаларға өз гүлдерін сыйлайды.</p> <p>(математика</p>	<p>Топтағы гүлдерге күтім жасату, олардағы өзгерістерді байқату. Гүлдерге қарап сурет салуды немесе ермексайдан мүсінін жасауды ұсыну. (мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>«Гүлдер таласы» ертегісін оқып беру. Балаларға өз бетінше ертегі мазмұнын айтуды дағдыландыру. (көркем әдебиет)</p>	<p>Алтын сандықтың ішінен әр түрлі ертегі кейіпкерлерінің киімі шығару. Балалардың қалаулары бойынша киім таңдап алып, қойылымдарды сахналату дағдысын дамыту.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Қызыл раушан» әнін айтқызу, би қимылдарын жасату. көңіл көтерулеріне жағдай жасау (музыка)</p>	

	балаларға гүлдер бағын құрастырту. (құрастыру, қоршаған ортамен танысу)	(математика негіздері)	негіздері, құрастыру, сурет салу) Сосын барлығының көңіл көтеріп «Аппак гүлдер» әнін айтып, би қимылдарын жасап көңіл көтеруін ұйымдастыру (музыка)		
Серуенге дайындық	серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). (қоршаған ортамен танысу) Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балақаша ауласында қандай гүлдер бар екенін анықтату. Оларға күтім жасату. (қоршаған ортамен танысу) Тәулік бөліктері күндіз және түнде туралы ұғымдарын кеңейту. (математика негіздері) Қимылды ойын «Автобус»	Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер. Балабақша ауласында өсетін өсімдіктерге күтім жасату. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар»	Балабақша ауласындағы гүлдерді, құстарды бақылату. Олардың тіршілігі туралы әңгімелету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында еңбек әрекетін ұйымдастыру. Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгерту. (қоршаған ортамен	Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.

		<p>«Ғажайып кілемше». Дайын кілемшеге гүлдерді салу, бояту. (сурет салу)</p> <p>Құмда әр түрлі гүлдер бағының қоршауларын құрастырту. (құрастыру)</p>		<p>танысу, математика негіздері)</p> <p>Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» жел жаңбыр, найзағайдың дауыстарын тану, атауды пысықтау.</p> <p>Қимылды ойын «Қояндар»</p>	<p>Бормен олардың суреттерін салғызу. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді. Құмға таяқшалармен өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. (сурет салу)</p> <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлауды және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Оңға солға бұрыл ойынын ойнату. (математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету,</p>
--	--	---	--	---	---

					ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату (музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, жинауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Ермексаздан қызғалдақ жасату.</p> <p>Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)</p>	<p>Балаларға «әдебиет» орталығында «Торғай мен көбелек» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)</p> <p>«Гүлдер бағы» тақырыбында қарапайым композицияларды жасап мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. (мүсіндеу)</p>	<p>Көктем аруының себетін жасауды ұсыну. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы мүсіндету. (мүсіндеу)</p> <p>Балалардың ұнататын ертегісін сахналату. (көркем әдебиет)</p>	<p>Гүлдерді адамдар басып кетпес үшін оларға қоршау жасату (құрастыру)</p> <p>Ләпбукке гүлдер жапсырту. (жапсыру)</p>	<p>«Гүлдер саябағы» тақырыбында құрылыс материалдарынан құрастыру ойындарын ойнату.</p> <p>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау. (құрастыру)</p> <p>Ағаштағы гүлдерді мүсіндету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндету, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру әдістерін қолдануды дамыту. (мүсіндеу)</p>
---	--	--	---	--	---

Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Поезд» Құмда гүлдердің суретін салу. (сурет салу)	Еркін ойындар Ләпбута гүлдер бағына әр бетіне сәйкесінше жапсырту (жапсыру) Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар	Еркін ойындар Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»	Еркін ойындар Ләпбукке көктем белгілерін танып жапсырту. (жапсыру) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Оқып берген ертегілерді үйде қайталау. Гүлдер туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш *Шамшиева А. А.* *Ормибасарова Д.*
Ахметова

Мамыр айы 2023 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 22.05.2023	Сейсенбі 23.05.2023	Сәрсенбі 24.05.2023	Бейсенбі 25.05.2023	Жұма 26.05.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.	Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді тамашалап, оларға күтім жасату (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасату) Балармен жеке жұмыс.	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындарын ойнату. Жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын: «Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту,	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың, құстардың суреттерін қарату.
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын				

	шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» беруге баулу(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: «Әр қашан күн сөнбесін» әнін айтқызу. Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын пысықтау.	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	Балалардан бүгінгі көңіл күйі туралы	Ғажайып қорапшадан құмда ойнайтын ойын құралдарын	Дидактикалық ойын «Бұл не зат?» суреттің төрттен бір бөлігін	Топтағы гүлдерге күтім жасату. Олардағы	Ойыншықтарды үстелдің үстінде, астында, артында,

	<p>сұрау. Сүйікті ойыншығы мен ойыны туралы сұрау. Ол ойыншықты не үшін жақсы көретіндерін айтқызу. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топтағылар «ойын» орталықта ойыншықтарды жуып күтім жасату, ал екінші «өнер» орталықта қағаздан кеме құрастырғызу. Сосын балалардың орталықтармен ауысуына жағдай жасау. (құрастыру, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>шығару. Балаларға оларды атату, содан соң санату салыстырғызу. Қандай қызмет атқаратынын айтып беруді үйрету. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырып сөйлеуді жетілдіру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша қорапшадан шығарылған заттарды салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша айырмашылығын табуға машықтандыру (математика негіздері)</p>	<p>танып не зат екенін тауып атату. Оны топтан тауып келуін қйымдастыру Онымен не істейтінін әңгімелету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>«Әр қашан күн сөнбесін» әнін айтқызу, би қимылдарын жасату көңіл көтеріп сезімдерін танытуға жетелеу. (музыка)</p>	<p>өзгерістерді байқату. Гүлдерге қарап сурет салуды немесе ермексаздан мүсінін жасауды ұсыну. (мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>«Гүлдер таласы» ертегісін оқып беру. Балаларды өз бетінше саханалауға талпындыру. (көркем әдебиет)</p>	<p>жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Көңіл көтеріп. «Бақытты балалар» әнін айтқызу, би қимылдарын жасату. (музыка)</p>
--	--	--	---	---	---

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балақаша ауласында қандай құстар бар екенін анықтату. Ұяларын бақылату. Балапандар барма көруін ұйымдастыру. (қоршаған ортамен танысу) Қорапшадағы ойыншықтармен ойын. Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді бекіту (математика негіздері) Қимылды ойын «Автобус»	Балабақша ауласында өсетін өсімдіктерге күтім жасату. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар» Құммен ойнайтын құралдарымен әр түрлі суреттерді салғызу (сурет салу)	Балабақша ауласындағы гүлдерді, құстарды санату. Оларға табиғи заттардан астау жасату. (математика негіздері, құрастыру) Бормен құстардың суретін салғызу (сурет салу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында еңбек әрекетін ұйымдастыру. Гүлдер мен ағаштардың айырмашылықтарын сипаттап айтуын ұйымдастыру. (қоршаған ортамен танысу, математика негіздері) Қимылды ойын «Қояндар»	Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді санату, танып атату, оларға күтім жасату. Құмда олардың суреттерін салғызу. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу, математика негіздері) Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты				

	тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу музыка тыңдату. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату (музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Ермексиздан «кеме» жасату. Балаларға ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)	Балаларға «Әдебиет» орталығында ұнатқан кітаптарынан ертегі суреттерін тамашалатып, таңдаған ертегіні оқып беру. Сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) Ермек сиздан құм салатын шелектер	Күн бейнесін мүсіндеу Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. (мүсіндеу) Балалар ұнатып, таңдаған ертегісін сахналату. (көркем әдебиет)	Лего ойыншықтары арқылы «Достар қалашығын» ұжымдасып құрастыруға жұмылдырып орындату (құрастыру) Ләпбук арқылы балалардың дербес шығармашылық жұмысын орындауға жағдай жасау (жапсыру)	Табиғи қалдық материалдармен балалардың дербес шығармашылық әрекеттері. (құрастыру) Ағаштағы гүлдерді мүсіндеу. Дайын ағашқа гүл күлтешелерін ермексиздан жасап, біріктіруді бекіту. (мүсіндеу)

		жасату. (мүсіндеу)			
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Поезд» Құмда кеменің суретін салғызу. (сурет салу)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар» Ләпбукте құрылыс құралдары мен заттардын сәйестігін тауып сәйкестендіріп жапсырту (жапсыру)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»	Еркін ойындар Қағаздан гүлдердің пішінін жасату. (жапсыру) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Оқып берген ертегілерді үйде қайталау. Бейбітшілік туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тәрбиешілер:
Әдіскер:

Шамш
Ахмед
Шамшиева А. А
Ахмедова А. А
Ормибасарова Д.

Мамыр айы 2023 жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 29.05.2023	Сейсенбі 30.05.2023	Сәрсенбі 31.05.2023		
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың мінезі туралы анықтамалық ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)	Шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Пазлдармен үстел үсті ойындарын ойнату. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?». Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуға баулу. (қазақ тілі)	Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптарды қарату кезінде. сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйретуді жетілдіру (сөйлеуді дамыту)		
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату.				

	Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар бір біріне бүгін қандай әдемі болып тұрғанын сипаттап айтады. «Жазбен көктем мезгілі» туралы не білетіндерін сұрау. Олар туралы не білгісі келетінін анықтау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру	Музыка
	Көктем мен жаздың айырмашылығын	«Кітап» орталығында жаз мезгілінің суреттері	Су жағасында шомылып жатқан балалардың		

	<p>қалай білуге болатыны жайлы әңгімелету. Жайдары жаз әңгімесін оқып беру. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталану (көркем әдебиет)</p> <p>Көктем мен жаз туралы суреттерді қарату. ерекшеліктерін танып, атауын үйрету. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Балаларды екі орталыққа бөліп, бірінші «Ашық алаң» орталығында жазғы ойын алаңын құрастыруды орындауды, екінші «өнер» орталығында жайдары жаздың суретін салғызу (құрастыру және сурет салу)</p>	<p>бар кітапты қарап шығуна жағдай жасау. Ә.Ахметов Тақпағын жаттату Жаз еді Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. (көркем әдебиет)</p> <p>«Өнер» орталығында екі шағын топқа бөлу Бірінші топ балаларына көбелектің суретін бояту (сурет салу)</p> <p>Ал екінші топтағыларға көбелекті мүсіндету (Мүсіндеу)</p>	<p>суреттерін көрсету. Балалардың сурет бойынша әңгіме жүргізуін дамыту. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды үйрету. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Суға қай кезде түсуге болады. Күн тәртібінде көрсетілген кестемен жұмыс жасату. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауын дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке (математика негіздері)</p>		
--	--	--	---	--	--

Серуенге дайындық	<p>Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Балабақша ауласында өсетін гүлдерді бақылату. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуді жетілдіру. (математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»</p>	<p>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>«Жалауға қарай жүгір» қимылды ойын.</p>	<p>Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> <p>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Балабақша ауласындағы бассейнмен таныстыру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»</p>		
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыларып пысықтау. Асықпай бір-бірін итермей жүруді қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).</p>				

Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Ас қайырып бата беруді дамыту. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар таңдаған ертегіні оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, жинауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Әдебиет» орталығында «Гүлдер таласы» ертегісін сахналауды жетілдіру. (сөйлеуді дамыту) «Өнер» орталығында балаларды екі шағын топқа бөлу. Бірінші топ балаларына	Кітаптан ертегілер оқып беру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.	«Жаз еді» Ә.Ахметов Жаттауын жаттату. Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. (көркем әдебиет) «Өнер» орталығында балаларға шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру.		

	<p>гүлдерді ермексаздан жасату. (мүсіндеу)</p> <p>Екінші топ балаларына ұлттық ою-өрнек элементтерінің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтаумен пішінін ескере қолданып, кілемшені безендіру дағдысын дамыту (жапсыру)</p> <p>Ортаға «Ашық алаңға» жиналып көңілді ән орындатып би билету. (музыка)</p>	(сөйлеуді дамыту)	(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)		
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				

Серуен	<p>Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан әр түрлі заттарды көрмей, ұстап сезу арқылы табу.</p> <p>Еркін ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту</p> <p>Қимылды ойын «Хан талапай»</p>	<p>Қимылды ойын «Сақина жасыру.» Балабақша ауласына ұшып келген көбелектерді санату, салыстыру. Көбелек қанаттарын әр түрлі заттармен безендіріп жасату</p> <p>(математика негіздері және жапсыру)</p> <p>Қимылды ойын «Арқан тарту»</p>	Құмнан бассейн жасау. (кұрастыру)		
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

Тәрбиешілер:

Әдіскер:

Шамш
Ахмед

Шамшиева А. А

Ахметова А. А

Ормибасарова Д.

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Мамыр айы (ленталармен)

I. Шеңбер болып, тізбектеліп жүру, әр-түрлі бағытта журу, жүгіру, жәй жүріп, шеңбер болып тұру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулар:

3. Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.

1-қолды жоғары көтеріп, сермеу, 2-бастапқы қалыпқа оралу, 4-5 рет

4. Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.

1-қолды алға созу, 2-отыру, 3-бастапқы қалыпқа оралу, 4-5 рет

3. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол төменде.

1- отыру, 2-тізені қапсыра құшақтау, 3-тұру, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

4. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол төменде. Аяқты алмастырып секіру. 7-8 сек.

III. Еркін тыныс алу жаттығулары.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Қоян мен қасқыр (*Тәрбиеші балалармен бірге*)

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

Тырналар-тырналар

(*Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады*)

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болыңдар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады.

Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

Тышқандар мен мысық.

Балалар — тышқандар.

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Шыбыққа қалпақ кигізу

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.

Өз түсінді тап.

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменін әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз түсінді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанады. (5-6 рет)

Ақ доп, қызыл доп

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

Поезд

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакындап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдср, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

«Допты дәлдеп лақтыр»

Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға (дөңгелекке) лақтырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

«Күміс алу»

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

«Не жедің, тауып айт»

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау.Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

«Торғайлар мен автомобиль»

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

Құстардың ұшып келуі

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде

қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш.

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: -ортанғы саусағымды тапшы,-дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі.: басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 с аусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.

Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар

Сен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр ,қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:

Мына жерде қой бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

Ертегілер

Атасының ақылы

—Төкенмен келісе алмай қалушы едің, қазір араларыңнан қыл өтпейтін болыпты ғой, Еркінім?! - деді бірде атасы.

— «Қыл өтпейді» дегенді түсінбедім, ата? - деп таңырқады немересі.

— «Тату-тәтті дос болыпсың» дегенім ғой.

— Кездескен сайын кәмпит берсе, онымен кім дос болмайды!

—Мен ешкіммен тамақ үшін дос болып көргенім жоқ, балам. Достықтың тамыры тереңде. Адал, ақылды балалармен дос бол! Адамға жақсылық жасаудың өзің бақыт санайтын адамдармен ғана дос бол! - деді атасы сонда.

С. Сейтенов

Жаман жолдас

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екікісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп

тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

- Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті? Ауру айтты дейді:

- Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.

Ы. Алтынсарин

Торғай мен көбелек

Балабақша ауласында қызыл, сары, ақ гүлдер өскен әп-әдемі гүлзар бар еді.

Сонда бір теңбіл қанат ақ көбелек гүлден-гүлге қонып, шырын сорып жүрген.

Оны бір қу торғай көре қалды да, ұстап жегісі келіп, қуа жөнелді.

Көбелек гүлзар үстінде жоғары-төмен, оңға-солға бұлтарып қаша берді, қаша берді.

Торғай да қыр соңынан қалмай, қанаты пыр-пырлап қуа берді, қуа берді.

Жанталасқан көбелек бір гүлге барып қорғалып еді, қу торғай оны қақшып кете жаздады. Одан тағы да қайта ұшып, әрлі-берлі бұлтақтай қашып жөнелді.

Біреуі аз болғандай, енді оған екінші торғай келіп шүйілді. Екеуі пыр-пыр етіп таласа кеп қуды. Бір торғайдың қанаты қағып, біреуінің тұмсығы да тиіп өтті.

Міне, осы қиын сәтте ақ көбелек сонда жүрген бір кішкентай қыздың көйлегіндегі гүлге барып қона қалды.

Содан мысы құрыған екі торғай енді оған жуый алмай, жай-жайынакетісті.

Ақ көбелек болса қайтадан гүлзарға барып, гүлден-гүлге қонып, тағы да шырын сора бастады.

Т. Жексенбай

Гүлдер таласы

(ертегі)

Бағзы ерте заманда өсімдіктер патшалығында Қызғалдақ, Раушан гүлі, Бақытгүлі өмір сүріп жатады.

Күндердің бір күнінде үшеуінің арасында

«Қайсымыз жаз мезгілінде гүлдеуге лайықпыз?» - деген талас туады. Сонда шыдамсыздау Қызғалдақ бәрінен бұрын:

- Мен гүлдеймін жазда, - дейді.

Осы кезде тікенектері тікірейіп, жан-жағына тәкәппарлана қараған Раушан гүлі:

- Жоқ, жазда мен гүлдеуім керек! Менің өте жақсы жұпар иісім бар, - дейді.

Сабыр сақтап тұрған, шыдамды Бақытгүлі ең соңында баяу үнмен:

- Менің де жаз мезгілінде гүлдегім келеді, - деп өтінеді.

Бәрін сырттай бақылып тұрған, көп жыл жасаған Шырша былай дейді:

- Табиғаттың әр мезгілі өзінше ерекше сондықтан сендер былай істендер! – деп ақылын айтады.

- Қызғалдақ, сен суыққа төзімдісің. Сол себепті көктем мезгілінде гүлдеуің керек.

- Ал сен Раушан гүлі, жаздың аптап ыстығына төзе білесің. Сағаншыдамдылық танытып, қапырық күн астында жаздай гүлдеуіңе тура келеді.
- Бақытгүлі, саған сабырлы қалпыңнан айнымай, күз басталғаннан қар түскенге дейін гүлдеген жарасады. Өзге гүлдің бәрі курап, жер бетінен жоғалғанда сен ғана өз сұлулығыңмен жұрттың көзін тамсандырып, мейірім нұрын шашып тұратын боласың! – дейді.
- Ал мен сендермен таласпай-ақ, жыл он екі ай жасыл қалпымда тұра берейін, - деп Шырша өзіне келгенде табиғат сыйын көбірек алады.
- Содан бері көктем шыға даланы Қызғалдпқ басып, бірақ сәл өкпесі бар болғандықтан аз уақыт гүлдеп жоғалып кететін көрінеді.
- Ал, Раушан гүлі күн нұрына малынып, ала жаздай ұзақ гүлдеп тұратын болыпты. Бақытгүлі болса гүлдеу мезгілін көп күтіп, күздің алғашқы күнінен қар жауғанға дейін гүлдеп, басқа гүлдерді жоқтатпай тұрады екен.
- Өзінің тапқырлығына риза болған Шырша, көктемде Қызғалдақтың әдемілігіне сүйсініп, жаз бойы Раушанның хош иісінен қуат алып, күздей әр түсті Бақытгүлінің көркіне қызығып, қысы-жазы жасыл түсті болып ғұмыр кешеді екен.

Г. Құлжабаева